



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Ата Заңымыз – қастерлі тәуелсіздігіміздің сенімді тірегі. Конституция мемлекетіміздің заң жүзінде және саяси тұрғыдан демократия қағидаттары мен заң үстемдігін ұстанатынын айғақтайды. Сондай-ақ ұзақ мерзімді даму бағдарымызды айқындайды. Конституциямыздың ұлағатты ұстанымдары экономикалық дағдарыстарды батыл еңсеріп, болашаққа сеніммен қадам басуымызға жол ашады. Біз азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына кепілдік беретін мызғымас құндылықтарға сүйене отырып, әділ мемлекет құрамыз. Басты мақсатымыз – халықтың тұрмыс сапасы мен әл-ауқатын арттыру. Ата Заңымыз ел бірлігін және адамның ар-ұжданы мен абыройына қол сұғуға болмайтынын негіздеп, кемсідудің кез келген түріне тыйым салу арқылы ұлтымызды ұйыстырады. Осы басты ұстанымдар баға жетпес байлығымыз – ішкі саяси тұрақтылықты қамтамасыз етеді. Тәуелсіздік рухы әрбір жолында көрініс тапқан Конституциямызға құрмет халқымызға тән отаншылдықтың арқауына айналып отыр.

№102-103
(4536)
Сейсенбі
29 тамыз
2023 жыл



ASTANA

ELORDA
AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



Құрметті елорда тұрғындары мен қонақтары!

Сіздерді Қазақстан Республикасының Конституциясы күнімен шын жүректен құттықтаймын!
Ата Заңымыз – бейбітшілік пен қауіпсіздіктің кепілі, тұрақтылықтың негізі. Конституция елімізді құқықтық және зайырлы мемлекет ретінде орнықтырды.
Мемлекет басшысы атап өткендей, Конституцияда жарияланған демократия құндылықтары, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының кепілі еліміздің дамуының стратегиялық бағытын нақты айқындайды.
Конституция күні құтты болсын! Сіздерге зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық және табыс тілеймін!

Жеңіс ҚАСЫМБЕК,
Астана қаласының әкімі



ПОЛИГОН ЖАБЫЛҒАН КҮН

8-БЕТ | ҚОҒАМ



ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫ: ДАЙЫНДЫҚ ҚАЛАЙ?

9-БЕТ | БІЛІМ



ҚАЛА СӘНІ – СУБҰРҚАҚ

10-БЕТ | ҚАЛА МЕН САЛА

АТА ЗАҢ – АЙҚЫН ЖОЛЫМЫЗ

Конституция мемлекетіміздің тарихи дамуының негізі ғана болып қоймай, ол – барлық заңдардың бастауы. Ата Заңымыз тәуелсіз мемлекетіміздің қалыптасуына, еліміздің дамуына қызмет етіп келеді. Қазақстан тәуелсіздігінің тірегіне айналған Конституция ережелерін қатаң ұстану, Ата Заңымызды құрметтеу әрбір қазақстандық азаматтың қастерлі міндеті мен парызы болуы тиіс. Өйткені Ата Заңымыз – жарқын болашаққа жеткізетін айқын жолымыз, абыройымыз.



ЖОЛАҚЫ ТӨЛЕУ ТӘСІЛІ ӨЗГЕРЕДІ

Астана қаласының қоғамдық көліктерінде жол ақысын төлеудің жаңа тәсілдері енгізіледі.

Барлық бағыттағы автобустарда валидаторлар жоспарлы түрде ауыстырылады. Енді QR-код және «Transcard» көлік картасы арқылы төлем түрлеріне қосымша NFC технологиясы және Bluetooth арнасы, екінші деңгейдегі банктердің картасымен төлеу мүмкіндігі болады.

NFC арқылы төлем жасау үшін телефонды немесе смарт-сағатты тікелей валидаторға тигізу керек. Валидатордың қауіпсіздігі дүкендердегі POS-терми-

налдардан еш айырмашылығы жоқ.

Bluetooth-бен төлеу «AvtoBys» мобильді қосымшасы арқылы іске асады. Бұл виртуалды төлем әдісі мобильді қосымшадағы жеке шоттың балансынан ақы алу арқылы жүргізіледі. «AvtoBys» мобильді қосымшасын App Store, Google Play, App Gallery-ден жүктеп алуға болады.

Банк картасымен төлем Қазақстанның барлық екінші деңгейдегі банктерінің банк картасымен жасалады.



ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ НЫҒАЯ ТҮСТІ

Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмонның Астанаға сапары шағын құрамдағы келіссөздерден басталды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев екіжақты ынтымақтастықты нығайту үшін бұл сапардың маңызы зор екенін атап өтті.

«Сіздің сапарыңыз біздің бауырлас елдеріміз арасындағы шынайы достық қарым-қатынасты одан әрі нығайту тұрғысынан зор маңызға ие. Елдеріміз арасындағы стратегиялық серіктестік, одақтастық қарым-қатынас туралы айтуға толық негіз бар. Астанадағы тәжік мәдениеті күндерінің ашылуына Сіздің арнайы келуіңіздің өзі көп нәрсені аңғартады» деді Президент.

Өз кезегінде Эмомали Рахмон көрсетілген құрмет үшін ризашылығын білдірді.

«Құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы, шақыртуыңызға, ілтипатыңызға, қонақжайлық көрсеткеніңізге көп рақмет! Ең алдымен, бүгін Сізбен екі ел арасындағы қарым-қатынастың ахуалы мен перспективаларын, сондай-ақ халықаралық және аймақтық мәселелерді талқылағым келеді» деді Тәжікстан Президенті.

Әңгімелесу барысында сауда-экономика, көлік-логистика, ауыл шаруашылығы, энергетика, қаржы және мәдени-гуманитарлық салалардағы өзара іс-әрекетті одан әрі дамыту перспективалары талқыланды.

Екі ел басшылары Тәжікстанның ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп өнімдері, қолөнер бұйымдары мен ұлттық тағамдарының көрме-жәрмеңкесіне барды. Бұл көрме Тәжікстанның Қазақстандағы мәдениет күндері аясында өтті. Мемлекеттер басшыларының назарына дәстүрлі тәжік киімдері, кілемдері, мата-

лары, қыштан жасалған сәндік бұйымдары және музыкалық аспаптар ұсынылды. Сондай-ақ жәрмеңкеге жеміс-жидектер, көкөністер, қақталған жемістер мен кондитерлік өнімдер қойылды. Қасым-Жомарт Тоқаев елдеріміздің экономикасы бір-бірі толықтыратынын, сондықтан Тәжікстанның бүгінгі көрме-жәрмеңкесі Қазақстан үшін айтарлықтай қызығушылық туғызатынын атап өтті.

Көрме-жәрмеңкеде концерттік бағдарламалар, түрлі қолөнер және халық кәсіпшілігі бойынша шеберлік дәрістері ұйымдастырылды. Сонымен қатар елорда тұрғындары мен қонақтары тәжік халқының ұлттық тағамдарының дәмін татып көрді.

Одан кейін Қасым-Жомарт Тоқаев пен Эмомали Рахмон Цифрлық үкімет кеңсесіне барды. Екі ел басшыларына отандық IT-шешімдер таныстырылды. Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусин президенттерге мемлекеттік органдардың азаматтармен тиімді қарым-қатынас жасауына мүмкіндік беретін IT-платформалар жөнінде мәлімет берді. Атап айтқанда, сәбидің дүниеге келгенін тіркеу үшін құжат беруге, сондай-ақ жылжымайтын мүлік пен көлікті рәсімдеуге проактивті өтінім берудің үлгілері көрсетілді.

Екі елдің басшыларына азаматтардың өтінім беруіне арналған e-Otinish платформасы және жер қойнауын пайдала-

нушы субъектілердің қызметіндегі ашықтықты қамтамасыз етуге, сондай-ақ пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы жерлерін анықтауға мүмкіндік беретін ғарыштан мониторинг жүргізу жүйесі таныстырылды. Сонымен қатар Қазақстан мен Тәжікстан президенттеріне «Отбасының цифрлық картасы» жобасының жүзеге асырылуы барысы баяндалды. Бұл жоба – құрамына әлеуметтік әл-ауқаттың 100 көрсеткіші және орталық мемлекеттік органдардың 20 деректер қоры кіретін бірегей дерекқор. Дерекқор барлық отбасына әл-ауқаттың бес деңгейі бойынша жіктеуге және оларға проактивті форматта атаулы әлеуметтік көмек көрсетуге мүмкіндік береді.

Кездесу қорытындысы бойынша Өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылды. Бұл құжат аясында Қазақстанның Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Тәжікстанның Өнеркәсіп және жаңа технологиялар министрлігімен электрондық үкімет платформасын жүзеге асыру тәжірибесін бөліседі. Сондай-ақ ынтымақтастық аясында тәжік мамандарын Қазақстанның алдыңғы қатарлы IT-мектептері мен ғылыми-зерттеу институттарында оқыту мүмкіндігі қарастырылады. Эмомали Рахмон Тәжікстанда цифрлық технологияларды дамыту ісіне қолдау көрсеткені үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа ризашылығын білдірді.

ДЕПУТАТТАР ДЕМАЛЫСЫ АЯҚТАЛДЫ

Мәжіліс төрағасы Ерлан Қошанов Парламент палаталарының бірлескен отырысын шақыру туралы өкімге қол қойды.

«Қазақстан Республикасы Конституциясының 58-бабы 4-тармағының 2) тармақшасына

сәйкес, Қазақстан Республикасы Парламенті Палаталарының бірлескен отырысы 2023 жылғы

1 қыркүйекте сағат 11:00-де Астана қаласында шақырылсын» деп жазылған өкім мәтінінде.

ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

Жаһанды қымбатшылық қысып тұр.

Инфляцияны тежеу үшін пайыз мөлшерін көтеруден басқа амал жоқ дейді сарапшылар. Алайда ахуал әлі түзелмеді. Мысалы, Түркияда пайыз мөлшері көтерілсе де, жыл соңында инфляция 58 пайызға жетеді деген болжам бар. Аргентинада инфляция 113 пайызға жеткен. Сарапшылар жыл соңында көрсеткіш 190 пайызға жуықтайды деп болжап отыр. Ал АҚШ-та ипотека бойынша пайыз мөлшері 7 пайызға дейін өсті.



БРИКС құрамы кеңейеді. Қазір оған 5 мемлекет мүше.

Келер жылдан бастап бұл тізім 10-нан асады. Сарапшылардың айтуынша, осыдан кейін ұйымның ықпалы күшейетін болды. БРИКС-ке мүше мемлекеттер әлемдік жалпы ішкі өнімнің үштен бірін қамтамасыз етеді. Тіпті бұл жағынан «G-7» елдерінен асып кеткен. Сондықтан бірлестік құрамына кіруге 20-дан аса мемлекет өтініш берген.



Ресей тергеу комитеті «Вагнер» жетекшісі Евгений Пригожиннің қазасын растады.

Ведомствоның мәлімдеуінше, Тверь облысында ұшақ апатынан қаза болған 10 адамның бәрінің аты-жөні анықталған. Олар үшу тізіміндегі адамдардың аты-жөнімен сәйкес келеді. Пригожин пайдаланып жүрген Embraer жеке ұшағы Мәскеуден Санкт-Петербургке ұшып, 23 тамызда апатқа ұшыраған. Құтқарушылар апат орнынан 10 мәйіт тапқан.

ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМА БЕРДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Жоғары аудиторлық палата төрағасы Наталья Годунованы қабылдады. Президент Жоғары аудиторлық палатаның биылғы I жартыжылдықта атқарған қызметі жөнінде есепті тыңдады. Есептік кезеңде барлығы 9,3 триллион теңге бюджет қаржысы бойынша 121 аудиторлық тексеріс жүргізілген.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаевқа Экология және табиғи ресурстар министрлігіне, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне қарасты ұйымдарға, сондай-ақ

«Қазсуар» РМК-ға және тағы да басқа мекемелерге жүргізілген жекелеген аудиторлық тексерістердің қорытындысы жөнінде мәлімет берілді.

Кездесу соңында Президе-

нт бюджет қаржысының жұмсалыуына және мемлекеттік бағдарламалардың жүзеге асырылу тиімділігіне аудит жүргізу жөнінде бірқатар нақты тапсырма берді.



ТӘРТІП БҰЗҒАНДАР ЖАУАПҚА ТАРТЫЛАДЫ

Елорда әкімі Жеңіс Қасымбек вандализм әрекетін жасаған және қоғамдық тәртіпті бұзған адамдарды анықтауды тапсырды. Бұл туралы әкім өзінің Instagram-дағы парақшасында жазды.

«Мемлекет басшысы елорда тұрғындарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету және Астана көшелерінде вандализм мен құқық бұзушылықтың жиілеп кеткен жағдайын болдырмау жөнінде тиімді шаралар қабылдау қажеттігін атап өткен болатын. Полицияға вандализм әрекеттерін жасаған және қоғамдық тәртіпті бұзған адамдарды анықтау жұмысы тапсырылды. Құқық бұзушылар жауапқа тартылады» деп түсіндірді мәселенің мәнісін қала басшысы.

«Құрметті елорда тұрғындары мен қонақтары! Өздеріңізге белгілі, өткен демалыста ЕХРО алаңында Тәжікстанның мәдениет күндері аясында ауыл шаруашылығына, өнеркәсіп өнімдеріне және ұлттық қолөнеріне арналған көрме-жәрмеңке өтті. Жәрмеңкеде 1000 тоннадан астам өнім сатылды. Дегенмен өкініштісі, жәрмеңке мүлкіне зиян келіп, кейбір азаматтар шатырларды, сөрелерді, декорацияларды

сындырды. Қоғамдық тәртіп те бұзылды. Бұл – мәдениеттің төмен екенінің, адам еңбегін құрметтеудің белгісі. Кейбір адамдардың орынсыз әрекетіне байланысты Астана қаласының барлық тұрғынына сөз тиді. Көрме-жәрмеңкеге 100 мыңға жуық адам қатысты, бұл іс-шарада қала тұрғындарының басым бөлігі мәдениетті болғанын ерекше атап өткім келеді. Оларға алғысымды білдіремін!» деді Ж.Қасымбек.

СПОРТШЫЛАРҒА АВТОБУС СЫЙЛАДЫ

Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов ерекше қажеттілігі бар жандарға арнайы жабдықталған жаңа Toyota Hiace темір тұлпарының кілтін мамандандырылған спорт мектебінің спортшыларына тапсырды. Жаңа көлік спортшыларға жарыс өтетін жерге, сондай-ақ жаттығуларға жетуге мүмкіндік береді.

«Бүгінгі таңда ерекше қажеттілігі бар адамдарға арналған спорт мектебінде 17 спорт түрі бойынша 403 рухы мықты спортшы жаттығады. 2018 жылы көпфункционалды паралимпиадалық жаттығу орталығы ашылды. Соның нәтижесінде спорт мектебінің көптеген спортшысы оған тегін қатысады. Сондай-ақ күн сайын мектептің 100-ге жуық спортшысы инвентакс қызметін тегін пайдаланады» деп жазды бұл туралы әлеуметтік желідегі парақшасында Е.Каналимов.

Ол жақында паракратеден өткен Азия чемпионатында көк байрағымызды биікке желбіретіп, әнұранымызды қалықтатқан спортшыларымыз мақтанышымыз екенін атап айтты.

«Азия чемпионатында спортшыларымыз 1 алтын, 2 күміс медальді жеңіп алды. Сонымен қатар арбамен билеуден халықаралық жарыстың жеңімпазы атанған Севда Алиеваны да жеңісімен



құттықтаймын! Пара спортшыларымыздың ел намысын қорғауда биік тұғырдан көрініп, рухымызды асқақтатып жатқаны қуантады» деді мәслихат төрағасы.

14 МЕКТЕП САЛЫНЫП ЖАТЫР

Астанада өткен дәстүрлі тамыз конференциясы – елордалық ұстаздардың басын қосқан жиын барысында өткен оқу жылы қорытындыланып, оқушыларды тәрбиелеу мен оқытудағы ұстаздарды толғандырып жүрген өзекті мәселелер, аймақтағы білім беру жүйесін жетілдірудегі негізгі мақсат-міндеттер айқындалып, жалпы республикада білім саласына енгізіліп жатқан жаңалықтар таныстырылды.

Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

Тамыз кеңесіне педагогикалық еңбек ардагерлері, мәслихат депутаттары, білім беру ұйымдарының педагогтары, ата-аналар қоғамдастығы, әлеуметтік серіктестер, БАҚ өкілдері және шақырылған қонақтар (11000-нан астам адам) қатысты. Тамыз кеңесіне әлеуметтік желі арқылы облыстар, қала мектептері, орта арнаулы оқу орындары, мектепке дейінгі ұйымдар, қала тұрғындары онлайн режимде қатысты.

Жиынға қатысушыларды Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек жаңа



оқу жылының басталуымен құттықтап, «Жайлы инфрақұрылымды қалыптастыру» тақырыбындағы бірыңғай республикалық пленарлық сессиясын модератор ретінде жүргізіп отырды.

– Жаңа оқу жылының басталуына санаулы күндер қалды. Бұл – оқушылар мен ата-аналар үшін де, сол секілді ұстаздар үшін де ерекше кезең. Бүгін мұғалімдердің дәстүрлі тамыз конференциясын өткіздік. Қалада үш ауысымды және ашмадан тыс жүктемесі бар мектептер әлі де жоқ емес. Дегенмен біз бұл мәселені шешу үстіндеміз. Елордада 14 мектеп салынып жатыр, оның 11-ін алдағы оқу жылында тапсырамыз. Олардың 3-еуі 1 қыркүйекте есігін айқара ашады. Сонымен қатар Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша жайлы мектептердің құрылысы қатар басталды. Осы ұлттық

жоба бойынша 2024-2025 жылдары 24 жайлы мектеп салынады. Жаңа үлгідегі білім ошақтары екі ауысымда 90 мыңға жуық оқушы орнын құруға мүмкіндік береді, – деді Ж.Қасымбек.

– Сол сияқты біздің мақсатымыз – кадрлар даярлау. Жыл сайын педагогикалық мамандықтарға гранттар бөлеміз, ұстаздарымызды біліктілігін арттыруға жібереміз, Президент қолдауының арқасында педагогтардың жалақысы едәуір артты және т. б. Мұғалімнің еңбегіне толық баға беру мүмкін емес. Олар балаларымызға білім беріп қана қоймай, әлеуетін ашуға, ерекше қасиеттерін анықтауға және бағыт-бағдар беруге көмектеседі. Ұстаздар қауымына алғысымды білдіремін және оқу жылының жемісті өтуін тілеймін! – деді қала әкімі Жеңіс Қасымбек.

МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ САПАСЫН ЖАҚСARTУ КЕРЕК



Кеше елордадағы №10 қалалық емханада Астана қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының осы жылдың I жартыжылдығының қорытындысы бойынша кезекті отырысы өтті. Жиынға Астана қаласы әкімінің орынбасары Ерлан Бекмурзаев төрағалық етіп, қаланың денсаулық сақтау басқармасының басшылығы және басқа да медицина мамандары қатысты.

Райхан РАХМЕТОВА

Жиналғандар алдымен өткен жылдағы негізгі медициналық-демографиялық көрсеткіштің біршама жақсарғанын атап өтті.

«Қала әкімдігі тарапынан денсаулық сақтау саласының инфрақұрылымын жақсарту бойынша қарқынды жұмыс жүргізілуде. Биыл халықаралық заманауи медицина талаптарына сәйкес келетін жаңа патологоанатомиялық бюро пайдалануға беріледі. 10 медициналық ұйымға жүргізіліп жатқан күрделі жөндеу және №1 қалалық емхананы қайта құру жұмысы аяқталып қалды. Жеке инвестициялар есебінен әр ауысымда 500 келушіні қабылдай алатын 2 емхана ашылады. №2 қалалық емхана және №1 көпбейінді қалалық балалар ауруханасы базасында

балалар травматологиялық пунктін ашу көзделуде. Ведомстволық бағынысты мекемелердің материалдық-техникалық базасы жақсарып, 7,6 млрд теңгеге 196 жабдық сатып алынды. БМСК үшін қосымша 51 автокөлік және 55 жедел жәрдем көлігі алынды» деді әкімнің орынбасары.

Әкімнің орынбасары медициналық қызметке қатысты шағымдардың азаймай отырғанын айтты.

«Келіп түсетін шағымдар бойынша мына медициналық ұйымдар үнемі «анти-рейтингтен» түспей келеді. Атап айтқанда, №6 емханаға – 519, №1 көпбейінді қалалық ауруханаға – 413, №2 көпбейінді ауруханаға – 400, «Салауатты Астана» ұйымына – 393, №10 емханаға 391 шағым түскен. iKotek бірыңғай байланыс орталығы деректері бойынша биыл 6 айда денсаулық сақтау саласында 14 инцидент болғаны, соның 53,4 пайызы шағым болғаны мәлім

етілді. Шағымдардың сипаты көп жылдан бері өзгермей келеді, мәселен, медицина қызметкеріне – 5725, медицина мекемесіне – 1575, жедел жәрдем қызметіне 478 шағым түскен. Ал «медициналық персоналдың біліктілігі» санатына шағымдардың 61,6 пайызы тиесілі. Осыған орай, қала тұрғындарынан көбірек шағымдар түсетін медициналық ұйымдар басшыларының тәртіптік жауапкершілігі мәселесін қарастыру қажет деп санаймыз. Аталған медициналық ұйымдардың басшылары ұжыммен жұмыс істемейді деген қорытынды жасауға болады. Бұған қаланың жалпы жүйелі өзгерістерге түсуі де ықпал етіп отырғанын түсінеміз» деді Е.Бекмурзаев.

Одан әрі Астана қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Әлия Рүстемова басқарманың 2023 жылдың 6 ай жұмысының нәтижелері бойынша атқарған жұмысына тоқталды. Соның ішінде өткен 6 айда «Дені сау ұлт: әрбір азамат үшін сапалы және қолжетімді денсаулық сақтау» ұлттық жобасын орындау нәтижелері және осы жылдың соңына дейін қойылатын мақсаттар жөнінде мәлімдеді. Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры Астана қаласы бойынша филиалының басшысы Ербол Бекмұхаметов қор жұмысы туралы мәлімет берді. Сондай-ақ отырыста биылғы I жартыжылдықтағы жіті миокард инфарктісі, жіті инсульт, жарақаттар мен жазатайым оқиғалар, онкологиялық аурулар, жедел медициналық көмек көрсету кезінде медициналық көмек көрсету жөніндегі жол картасын орындау қорытындылары туралы қалалық денсаулық сақтау басқармасы басшысы орынбасарының міндетін атқарушы Айнуір Төлеуова баяндады. Аккредитация орталығының төрағасы Ботагөз Қаупбаева медициналық персоналды аккредиттеу мәселесінен құлағдар етті. Биылғы алты айдағы босандыру және балалардың денсаулығы бойынша жұмыс қорытындылары жайлы аталған басқарма басшысының орынбасары Гүлназ Досмырзаева сөз алды.

Жиын қорытындысында айтылған өткен 6 айдың есебі бұл салада алда әлі көптеген міндет пен жоспар күтіп тұрғанын көрсетті.

Жезқазған қаласының тумасы қасиетті Мекке қаласына екінші рет велосипедпен барып қайтты.

Қажылық сапардан қажымаған Талғат Жұмабеков елге тамыз айының басында оралған. Велосипедіне көк туды орнатып алған жиһанкездің басты мақсаты – әлемді аралау, Қазақстанды көпке таныту. Бүгінге дейін Талғат 63 мың шақырымды еңсерген, әлемнің 49 елінде болған.



Императорлық пингвиндер жер бетінен жойылып кетуі мүмкін.

Ғалымдар осылай деп дабыл қағып отыр. Олар Антарктикадағы Беллинсгаузен теңізіндегі императорлық пингвиндерді бақылаған. Бұл – теңіз құстарының ішіндегі ең ірілері. Соңғы зерттеу нәтижелері көрсетіп отырғандай, былтыр 10 мыңдай балпаңақ қырылып қалған. Өйткені олардың тіршілік етуі үшін қажетті мұз тез жұқарып барады. Сөйтіп қанаты әлі қатпаған балапандар суға құлап, өз бетінше жүзе алмай, өліп қалады екен.

Құрметті елорда тұрғындары мен қала қонақтары!

Сіздерді Конституция күнімен шын жүректен құттықтаймын! Ата Заңымыз – қасиетті тәуелсіздігіміздің, сенімді тірегі. Негізгі заң – мемлекетіміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының, заң үстемдігінің, тұрақтылық пен келісімнің кепілі.

Конституция бірлігіміздің тұрақтылығын, мемлекеттік құрылыс пен еліміздің тұтастығын бекітіп берді. Бүгінде елімізде ауқымды өзгерістер мен тың бастамалар қолға алынды. Біз дамудың жаңа кезеңіне қадам бастық. Соның бәрі Ата Заң аясында жүзеге асып, Қазақстанды заман талабына сай жаңғыртуға бағытталған.

Осы мәні терең, мерейлі мерекемен құттықтай отырып, сіздерге зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, ел болашағы мен халық игілігі жолындағы адал істеріңізге сәттілік тілеймін!

Ерлан КАНАЛИМОВ,
Астана қаласы мәслихатының төрағасы

Қымбатты астаналықтар және қала қонақтары!

Еліміздің мемлекеттік мерекесі – Конституция күнімен барша елордалық тұрғынды шын жүректен құттықтаймын!

Ата Заңымыз – мемлекетіміздің негізгі құжаты. Қоғамның өркендеуіне, халқымыздың бірлігіне жол бастаған Ата Заңымызда айқындалған қағида-дәстүрлер бүгінде өзінің өміршеңдігін дәлелдеді. Қазақстан бүгінгі таңда халықаралық қоғамдастықта лайықты орын алып, саяси-экономикалық жетістіктерге қол жеткізіп отыр. Осының бәрі Конституциямызда бекітілген заңдылықтардың сақталуын айғақтайды. Еліміздің әрбір азаматы мемлекетіміздің тұрақты дамуының кепілі – Конституцияның мемлекет пен қоғам үшін ғана емес, өзінің жеке басы мен отбасы үшін де маңызын терең сезінеді.

Тәуелсіздігіміз, келісім-бірлігіміз нығая берсін. Әр шаңыраққа құт-береке, ырыс пен ынтымақ қонсын. Ел іргесі бекем, келешегіміз жарқын болсын!

Сансызбай ЕСІЛОВ,
Астана қаласы Ардагерлер кеңесінің төрағасы

Құрметті елордалықтар мен қонақтар!

Сіздерді еліміздің ең маңызды мерекесі – Конституция күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Қоғамның өркендеуіне қарқын қосып, Қазақстан халқының бірлігіне жол бастаған Ата Заңда бекітілген республикамыздың тұңғырлы қағида-дәстүрлері бүгінде өзінің өміршеңдігін дәлелдеді. Қазақстан халықаралық қоғамдастықта лайықты орын алып, биік белеске көтерілгені – осының айғағы.

Әрбір қазақстандық келешекке керуен тартқан мемлекетіміздің тұрақты дамуының кепілі – Ата Заңның мемлекет пен қоғам үшін маңызын терең сезінеді. Жылдан-жылға біздің басты құндылықтарымыз – тәуелсіздігіміз, келісім мен бірлігіміз нығая берсін. Әр шаңыраққа құт-береке, ырыс-ынтымақ тілеймін. Ел іргесі аман, келешегіміз кемел болсын!

Зулфухар ҒАЙЫПОВ,
Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің төрағасы

МЕРЕКЕ МӘЗІРІ

Бас қалада Конституция күніне арналған 70-тен аса мерекелік іс-шара өткізу жоспарланған. Бұл туралы коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Астана қаласы Ішкі саясат басқармасының басшысы Дәурен Бабаұратов мәлім етті.

Астана қаласында Конституция күнін мерекелеу 7 қыркүйекке дейін жалғасады. Мерекеге арналған мәдени-бұқаралық және спорттық шаралар қаланың барлық ауданында өтеді. 1 қыркүйектен бастап мектептерде, жоғары оқу орындары мен колледждерде Конституция күніне арналған салтанатты іс-шаралар өтеді.

«Дәстүр бойынша Конституция күні қала мерекелік түске енеді. Барлық мемлекеттік мекемелерде салтанатты іс-шаралар ұйымдастырылуда. Қала бойынша бүгінге дейін жоспарланған 71 іс-шараның 20-дан астамы өтті. Біз барша қала тұрғындарына мерекелік іс-шараларға

қатысып, көңіл күйді көтеруге шақырамыз» деді Дәурен Бабаұратов.

Сонымен қатар қалалық Дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Самат Жылқыбаев пен Мәдениет басқармасының бөлім басшысы Ақерке Жұманбаева елордада өтетін мәдени-спорттық іс-шаралар жайында айтты. Мәселен, 30 тамызда Астана гольф клубында «Астана Фест» музыкалық фестивалі, ЭКСПО аумағында этникалық музыка фестивалі, «Қазанат» ипподромында аламан бәйге, сондай-ақ «Үркер», «Көктал», «Өндіріс», «Интернациональный» тұрғын алаптарында «Керуен фест» мерекелік бағдарламасын өткізу жоспарланған.





Бақыт НҰРМҰХАНОВ,
ҚР Конституциялық
соты төрағасының
орынбасары:

АЙБЫНЫ АСҚАҚ АТА ЗАҢ

– Мемлекеттің басты құжаты Конституция – Қазақстан халқын біріктіруші үлкен күш. Оны елдің әрбір азаматы жақсы біліп, аса құрмет тұтуы қажет. Ол – біздің өз алдына мемлекет екенімізді, Жер шарында терезесі тең, азат ел екенімізді айқындайтын орны ерекше Ата Заңымыз. Оның негізгі қағидалары барлық халықаралық талаптарға сай жасалып, қоғам мен мемлекетті дамытудың заманауи үрдістерімен үйлесім тапқан. Қазақстанның Конституциясы – үздік тәжірибелер мен терең зерттеулердің жемісі. Мұны әр елдің заңнамасын зерделеген ғалымдар пайымынан, айтқан пікірлерінен аңғару қиын емес. Зерттеушілер Қазақстан Конституциясын әлемдегі жалпыадамзаттық құндылықтарды дәріптейтін ең үздіктердің қатарына қосып сондықтан. 1995 жылы 30 тамызда жалпыхалықтық референдумда қабылданған бұл құжатта әлемдік үрдіс, өркениеттік өлшеммен қоса, ұлттық болмысымыз толық ескерілген. Мәселен, Ата Заңның 1-бабы «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» деп басталуы ел тұрғындарының сенімін арттырды. Ал мемлекеттік бағалауына, қорғайтынына сенген азаматтардың болашағын тек Қазақстанмен байланыстыратыны, бар құш-қайратын ел игілігіне жұмсайтыны күмәнсіз. «Келісіп пішкен тон келте болмайды». 1995 жылғы Конституцияны талқылауға, еліміздегі беделді заңгерлерден бөлек, Францияның Конституциялық кеңесінің өкілдері, Ресей зерттеу орталығының ең беделді таңгерлері атсалысқан екен. Одан бөлек, тәуелсіздік тарихында тұңғыш рет бүкілхалықтық талқылауға салынған да, елдің көптеген пікірі ескерілген де осы заң. Сол кезде құжатты талқылауға 3 млн 345 мың адам қатысқан. Жоба жасаушылар назарына жұртшылықтан 31886 ұсыныс түсіп, соның 1100-і осы басты құжаттың жобасына енгізіліпті. Бұл – азаматтық қоғам белсенділігінің артқанын ғана емес, құқықтық сауатының өскенін айшықтайтын дерек. Әрі тәуелсіз елдің басты заңын дайындау ісіне халықтың аса жауаптылығымен қарағанын, ортақ істен шет қалмағанын көрсетеді. Өйткені дәл осы Ата Заңның алағашқы сөйлемінде «Біз, ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы, байырғы қазақ жерінде мемлекеттілік құра отырып, өзімізді еркіндік, теңдік және татулық мұраттарына берілген бейбітшілік азаматтық қоғам деп ұғына отырып, дүниежүзілік қоғамдастықта лайықты орын алуды тілей отырып» деген сөздер мемлекеттік биліктің бірден-бір қайнар көзі халық екенін көрсетеді. Әрине, заман алға жылжыған сайын заңдардың жаңарып, өзгертулер мен толықтыруларды қажет ететіні – қалыпты жағдай. Қоғам мен азаматтардың талабына сай бүгінге дейін Конституцияға да бірнеше өзгеріс енгізілгені белгілі. Соңғы жаңғыртулар референдум арқылы республика халқының дауы беруі нәтижесінде жүзеге асырылды. Осылайша суперпрезиденттік басқару үлгісінен президенттік республикаға түбегейлі көшуге, Парламенттің рөлін күшейтіп, мәртебесін арттыруға, ел басқару ісіне халықты қатыстыру мүмкіндігін кеңейтуге, азаматтардың құқығын қорғау тәсілдерін жетілдіруге қадам жасалды. Әсіресе Конституциялық соттың құрылып, еліміздің өлім жазасынан бас тартуы, адам құқықтары жөніндегі уәкілге ерекше иммунитеттің берілуі халықтың мүддесін ойлап, құқығын мейлінше мінсіз қорғауға серпін берері анық.

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ РЕФОРМАНЫҢ ДІҢГЕГІ – ӘДІЛЕТТІЛІК

Төлен ТІЛЕУБАЙ

РЕФОРМАЛАРДЫҢ БАСТАЛУЫ – ӨЗГЕРІСТЕРДІҢ БАСЫ

Еліміздегі мемлекеттік басқару саласының институттары мен бұтақтарын жетілдіру реформалары кезең-кезеңмен іске асырылды. 2022 жылы 5 мамырда Мемлекет басшысы Конституцияға түзетулер енгізуге арналған Жарлыққа қол қойды. Бұл саяси маңызы аса зор шешім болды. Бұл референдумның ерекшелігі сол, Президент өзінің өкілетін кеңейтуге емес, басқа институттарға бөліп беруді көздейтін конституциялық реформаға бастамашы болды. Мысалы, Президенттің өкілеті 7 жылға қысқартылды, ол бір-ақ рет сайлана алады. Сөйтіп, қазақстандықтардың 78 пайызға жуығы Конституцияға енгізілген түзетулерді қолдады. Мұның өзі қоғамның Президенттің төңірегіне топтасудың жаңа деңгейге көтерілгенін көрсетті.

Ескі жүйеде Президент басшылық етіп келген билік партиясының гегемониясы сақталғанын білеміз. Осы орайда, саяси партиялардың шынайы бәсекелестікке түсуі үшін әділетті талаптар енгізу маңызды, қажетті қадам болды. Президент өзінің өкілетін пайдалану кезеңінде ешқандай саяси партияға мүшелікке өтпейді. Бұдан бөлек, Президенттің жақын туыстары жоғары лауазымды саяси қызметке, квазимемлекеттік сектордағы лауазымды орынға тағайындама аймайды деген норма енгізілді. Осы өзгерістермен қатар Тұңғыш Президенттің өкілеті мен мәртебесіне қатысты барлық норма Конституциядан сызылды. Бұдан былай Президент облыс әкімін өзі тағайындай салмай, осы орынға лайықты деген бірнеше адамды ұсынады, соның ішінен әкімді облыстық мәслихат депутаттары таңдайды. Сондай-ақ Президент Сенаттың 50 депутатының 10-ын ғана өзі тағайындайды, соның ішіндегі 5-еуін Қазақстан халқы ассамблеясы ұсынады.

Қазақстанның жаңа демократиялық саяси модельге көшкенінің бір дәлелі – Президенттің бір мерзімге ғана сайлануы (бұл норма ешқашан түзетілмейді), оны қайта қарауға болмайды емес, Конституциялық сот судьяларының өкілеті Президент пен Парламенттің өкілетінен ұзақ болатыны. Мәжілістің өкілетін күшейтуге жасалған қадамның бірі, сенаторлар төменгі палата қабылдаған заң жобаларына мақұлдауға я болмаса мақұлдамауға құқығы бар. Алайда жоғарғы палата сот жүйесіне бақылау жасауды құзыретіне алды. Бұдан былай Жоғарғы сот кеңесінің құрамын бекіту, Жоғарғы сот пен Конституциялық соттың төрағаларын сайлау Сенаттың құзыметіне жатады. «Сот жүйесі және соттардың мәртебесі туралы» заңға сәйкес, сот төрағаларын сайлау жүйесін енгізу көзделуде. Сот жүйесіндегі өзгерістердің ішіндегі ең елеулісі – Қазақстан өлім жазасынан түпкілікті бас тартты. Бұрынғы Есеп комитеті Жоғары аудиторлық палата болып өзгерді. Палатаның төрағасы жыл сайын екі рет Мәжіліске келіп, есеп береді.

Парламент пен мәслихаттарды жасақтау тәртібі өзгерді, олардың өкілеті күшейді. 19 наурызда жаңа аралас жүйе (партиялық тізім мен бір мандатты округтер) бойынша Мәжіліс пен мәслихаттардың депутаттары сайланды. Облыс мәслихаттарын қалыптастыруда 50/50 жүйесі енгізілді, ал аудандық және қалалық деңгейде толықтай мажоритарлық жүйе қолданылады. Сайлаушылар өзін-өзі ұсынып, депутат болғандардың қызметіне көңілі толмаса, мандатын қайтарып алады. Жергілікті жерлердегі лауазымды тұлғалардың сайлауға ықпалын жою үшін заңнамаға түзетулер енгізілгенін білеміз. Бұл жолғы сайлаудың негізгі 10 ерекшелігін атап көрсетейік:

1. 2004 жылдан кейін алғаш рет Мәжіліске депутаттар бір мандатты округтер арқылы сайланды (98 депутаттың 29-ы);

2. Үміткерлерге партиялар мен үкіметтік емес ұйымдар атынан ғана



2019 жылғы 9 маусымдағы Президент сайлауынан кейін Қазақстан өзінің даму жолындағы жаңа тарихи кезеңге аяқ басты. Осы сайлау еліміздегі билік транзитінің үдерісіне нүкте қойды. Сол сайлауда 70,96 пайыз дауыс жинаған Қасым-Жомарт Тоқаев ел Президенті болып сайланды. Мемлекет басшысы сайлау алдындағы науқанда өзінің алдағы саяси бағдарын нақтылап, мемлекетті басқару мен экономиканы дамыту салаларындағы жүйелі реформаларын жариялады. Арада өткен 4 жылда Қазақстан ескі жүйе мен жаңа бағыттың бір-бірімен тартысуымен байланысты біршама ағыны қатты кезеңді бастан кешірді. Осы тұста реформатор-президент Қасым-Жомарт Тоқаев бастамашы болған, бүгінге дейін толық жүзеге асырған реформаның бірі – конституциялық реформа.

емес, өзін-өзі ұсынуға мүмкіндік туды;

3. Бұл кезектен тыс сайлау болғанмен, оның өтетін мерзімі жарты жыл бұрын белгілі болды;

4. Партиялардың Парламентке өтуі үшін белгіленген төменгі шегі 7 пайыздан 5 пайызға төмендеді;

5. Әйелдер, жастар және ерекше мұқтаждығы бар адамдар үшін қарастырылған 30 пайыздық квота партиялық тізім мен мандаттардың бөлінісі кезінде сақталды;

6. Мәжілістің жаңа құрамында Қазақстан халқы ассамблеясының квотасы жойылды;

7. Алғаш рет Мәжіліс пен мәслихаттар сайлауында «бөріне қарсымыз» деген баған сайлау бюллетеньдеріне енгізілді;

8. Сайлауға 7 саяси партия қатысты. Оның екеуі партиялар туралы заңның жаңа нормалары күшіне енгеннен кейін тіркелді;

9. Облыстардағы аймақтық сайлау комиссиялары кәсіби түрде жұмыс істеді;

10. Сайлаушылар бес бюллетень бойынша дауыс берді (республикалық аманат. Осы аманатқа адал болу – мен үшін қасиетті парыз. Ел үмітін ақтап, Қазақстанды өркендеген, бақуатты мемлекетке айналдыру үшін қолымнан келгеннің бәрін жасаймын» деп ант берді Президент ұлықтау рәсімінде.

ҮМІТ ПЕН СЕНІМ ЖЕҢІСКЕ ЖЕТЕЛЕДІ

5 маусымда елімізде республикалық референдум өтті. Соның нәтижесінде Ата Заңымыздағы өлім жазасы түпкілікті шегерілді. Президент бірқатар өкілетін Парламентке берді. Конституциялық сот құрылып, іске кірісті. Конституцияға «жер мен табиғат байлығының қожайыны – халық» деген норма енгізілді. Ата Заңға енгізілген осындай түзетулерді қазақстандықтардың 70 пайыздан астамы жақтап, дауыс берді. Іле-шала халыққа үндеу жолдаған Қасым-Жомарт Тоқаев Конституцияға енгізілген түзетулер ауқымды реформалардың басы екенін атап айтты. Ал қыркүйектегі Жолдауында Мемлекет басшысы Қаңтар қасіретіне қатысушыларға рақымшылық жариялады. Сондай-ақ алдағы уақытта Президент және Парламент сайлауы өтетінін мәлімдеді. Мемлекеттік саясаттың негізгі мақсаты Әділетті Қазақстанды құру екенін тағы қайталап айтты.

Ауқымды реформаларды жүзеге асыру үшін Қасым-Жомарт Тоқаев халықтың өзіне деген сенімін сынап, мерзімінен бұрын Президент сайлауын өткізді. 2022 жылдың 20 қарашасы еліміздің саяси өмірінің тарихына айтулы оқиға болып жазылды. Сайлау додасына «Әділетті Қазақстан: әркім үшін және әрқайсымыз үшін. Қазір және әрқашан» деген өз қолымен жазған бағдарламасымен түсті.

«Әділеттілік идеясы біздің мем-

лекеттік саясатымыздағы негізгі тұғырымыз болады. Сондықтан біз «адам мемлекет үшін емес, мемлекет адам үшін» деген формуламен өмір сүреміз. Жаңа Әділетті Қазақстанды құру үшін біз жаңа мемлекеттік саясатқа көшеміз» деді Президент.

20 қарашадағы сайлауда Қасым-Жомарт Тоқаев қазақстандықтардың 81,31 пайыз дауысын иеленіп, айқын басымдықпен жеңіске жетті. Сайлауға қатысушылардың келуі 69,44 пайызды құрады.

«Осы сайлауда жұртымыз маған зор сенім білдірді. Шыны мәнінде, ел сенімін еш нәрсемен өлшеу мүмкін емес. Халықтың сенімі – ең құнды нәрсе. Сайлау нәтижесін халқымыздың сенімі бағдарыма – бағасы, алдағы жоспарыма батасы деп қабылдаймын. Халқының қолдауына ие болып, ел тізгінін ұстау – ең биік мәртебе әрі орасан зор жауапкершілік. Алдағы 7 жылды бүгінгі буынның және келешек ұрпақтың алдындағы борышымды өтеуге берілген бірегей мүмкіндік деп білемін. Қазаққа «аманат» деген асыл ұғым бар. Халқымыз сенімі – маған аманат. Осы аманатқа адал болу – мен үшін қасиетті парыз. Ел үмітін ақтап, Қазақстанды өркендеген, бақуатты мемлекетке айналдыру үшін қолымнан келгеннің бәрін жасаймын» деп ант берді Президент ұлықтау рәсімінде.

Биыл 19 наурызда аралас жүйеде өткен Мәжіліс және мәслихаттар сайлауы Қасым-Жомарт Тоқаев реформаларының нақты жүзеге асырылып жатқанын әлемге паш етті. Орталық сайлау комиссиясы Мәжіліске сайлауға қатысуға ұсынылған барлық 7 саяси партияның үміткерлерін тіркеді. 6 партия Мәжілістен орын алды.

Расында да, референдумнан кейін Конституцияның жаңа талаптарына сәйкес билік тармақтарын түгелдей жаңарту басталды.

«Халықтың да көптен күткені осы еді. Конституциялық өзгерістерге сәйкес, Президент сайлауы, Сенат, Мәжіліс және мәслихаттар сайлауы өтті. Референдумды қосқанда, бір жылға жуық уақыттың ішінде өте маңызды 5 саяси науқан өткізілді. Оның бәрі аса күрделі кезеңге түспәтүс келді. Қаншалықты күрделі болса да, біз еліміз үшін өте қажет жолды қысқа мерзім ішінде жүріп өттік. Қазақстанның жаңарып, жаңғыра бастағанына жұрттың көзі жетті» деп мәлімдеді Қасым-Жомарт Тоқаев VIII сайланған Парламенттің бірінші сессиясының ашылуында сөйлеген сөзінде.

САЯСИ РЕФОРМАЛАР ЖАЛҒАСЫ

Қаңтар қасіретінен бастау алған жыл мемлекеттілігіміз бен тәуелсіздігімізге қауіп төндіргенін дүние жүзі

түгел көрді. Алайда Қасым-Жомарт Тоқаевтың байыпты, салиқалы және прагматикалық саясатының арқасында еліміздің тұтастығы мен қауіпсіздігі сақталып қалды. Көшбасшылық қабілеті өз алдына, Президент, ең бастысы, өзінің туған ұлтын, елін шексіз сүйетінін ісімен дәлелдеп берді. Ел басына қатер төнген алмағайып кезеңде ішкі ресурстар мен сыртқы күштерді өзара үйлесіммен біріктіріп, жан-жақты ойландырылған қадам жасау аса маңызды еді. Мұндай тұлғалық қабілеті толысқан, дипломаттық және мәмілегерлік қасиеті бар басшы ғана дұрыс шешім қабылдайтынын көзімізбен көрдік. Қасым-Жомарт Кемелұлы жаңаша ойлайтын саясаткер екенін, кез келген саяси дағдарыстан шығатын жолды дәл таба білетін кризис-менеджер екенін көрсетті.

2022 жылы басталған мемлекеттік-саяси қайта құру жоспары биыл Мәжіліс және мәслихаттар сайлауымен аяқталды. Бұл қадамдар саяси жүйедегі ойындардың жаңа ережелермен жүргізілетінін меңзеді. Реформатор Президент Қазақстанның жаңа саяси моделінің авторы және жүзеге асырушысы ретінде танылды. Билік пен бұқараны жақындастырып, арасына сенім мен жауапкершілік көпірін орнатқан ел басшысы, әлбетте, халықтың қолдауына сүйеніп отыр. Соңғы жылдардағы сайлау науқандарында халықтың ықыласына бөленіп қана қоймай, әділетті және маңызды реформалар жүргізуге сенімін алғанының өзі – зор жетістік. Бұл бағыттағы Қасым-Жомарт Тоқаевтың ұстанымы – тұрақтылық пен байыптылық.

Қасым-Жомарт Тоқаев тиімді де табысты саясаткерге айналған тұлға десе қателеспейміз. Ішкі және сыртқы саясатта әділдік пен ұстамдылық тізгінін тең ұстап келеді. Бір жағынан, ұлттық мүддемізді қорғауды, ұлттық құндылығымызды ұлықтауды үнемі алға тартады, екінші жағынан, алпауыт көршілермен ғана емес, өзге елдермен де достық, ынтымақтастық қатынастарды барынша кеңейтуге ұмтылады. Заманауи технологияларды игергені мен бірнеше шетел тілін меңгергені – бұл істегі басты жетістігі. Көнігі дипломаттығы мен білім-білігі Президентке халықаралық саясатта орнықты, салиқалы стратегия, әдіс-айла ұстануға көмектеседі. Өн бойындағы жаңа заманның, жаңа буынның өкіліне тән қасиеттері еліміз үшін табысты жолды жаңылмай таңдауға, мың құбылатын саяси әлемде көршілермен де, басқалармен де дұрыс, оң қарым-қатынас жасауға, сол арқылы өркениетті елдердің көшіне қосылуға мүмкіндік берері сөзсіз. Лайым солай болғай!



Арман АҚЫЛБАЙ,
Астана қаласы Әділет
департаментінің басшысы:

КЕМЕЛ КЕЛЕШЕКТИҢ КЕПІЛІ

– Еліміздің өмірінде аса маңызды оқиға орын алып, 1995 жылдың 30 тамызында екінші Конституциямыз қабылданды. Ата Заңымыздың қабылдануы ел өміріндегі аса маңызды саяси оқиға еді. Сонымен, осыдан 28 жыл бұрын жаңа демократиялық жолға негізделген, өркениетті әрі құқықтық мемлекет құрудың алғашқы қадамы жасалды.

Қазақстан тарихында тұңғыш рет қоғам дамуының негізін қалаушы қағидалар бекітіліп, әр азаматтың құқықтық мәртебесі белгіленді. Конституцияны қабылдау барысында еліміз қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылықты сақтап қалды, экономика мен халықтың дамуына қолайлы жағдай жасалды. Еліміз халықаралық аренада орасан зор беделге ие болды.

Қазіргі таңда өндірістік және аграрлық секторларда экономиканы одан әрі дамуы байқалуда, сондай-ақ халықтың тұрмыс-тіршілігі жақсарып келеді. Осының барлығы бізге ертеңгі күнімізге сеніммен қарауға мүмкіндік береді. Сондықтан да жеткен жетістігімізді еселеп арттырып, оны сақтау – біздің басты міндетіміз.

Еліміздің Конституциясы – заңдарымыздың қайнар көзі, бастау бұлағы. Кешегі тарихтан тамыр алған, ертеңгі тарихқа тұғыр болған Ата Заңымыз өсилай салтанат құрып тұрғанда еліміз бұдан былай да жаңа белестерді бағындыра бермек. Бұған сеніміміз мол. Өйткені Ата Заңымыз – жарқын болашағымыздың кепілі бола отырып, еліміздің әр азаматының жүрегіне үміт отын ұялататын нұрлы шамшырақ.

Заң талаптары республиканың барлық азаматы үшін міндетті. Конституция – елімізде қабылданатын барлық заңдардың бастауы. Сондықтан да елімізде басқа да заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілер осы Ата Заңға сүйеніп жасалады.

Астана қаласының Әділет департаменті өз қызметінде негізгі заңға көрсетілген ережелерді бұлжытпай басшылыққа алады. Сондықтан да Конституцияда және өзге де нормативтік құқықтық актілерде көрініс тапқан ережелер департамент қызметінің барысында қатаң сақталады.

Департаменттің бастамасымен Конституция күнін атап өту үшін іс-шаралар жоспары қабылданды. Ата Заңның маңызын түсіндіру мақсатында семинарлар, дөңгелек үстелдер, тағы да басқа іс-шаралар атқарылды. Бұған қоса, мереке қарсаңында департаментте қоғамдық ұйымдармен екіжақты кездесулер өткізілді.

Елорда тұрғындарын, Астана қаласы Әділет департаментінің бүкіл ұжымын мемлекеттік мереке – Конституция күнімен шын жүректен құттықтап, атқарып отырған қызметтеріңіздің жемісті болуына шынайы тілектестігімізді білдіреміз. Барлығыңызға береке-бірлік, отбасы бақытын, мықты денсаулық тілеймін. Қызметтік міндеттеріңізді абыроймен орындап, ел игілігін молайту, азаматтардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау жолында үнемі биіктен көріне беріңіздер!

ТӘУЕЛСІЗ ЕЛ ТІРЕГІ – АДАЛ АЗАМАТ

Достық үйінде өткен «Адал азамат – Ата Заңның тірегі» атты конференцияда Конституцияның демократиялы, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде қалыптасудағы орны талқыланды. Дөңгелек үстел форматында өткен басқосуға қала әкімінің орынбасары Есет Байкен модераторлық етсе, ғалымдар, халық қалаулылары, қоғам белсенділері қатысып, өз ой-тұжырымын білдірді.



Есет БАЙКЕН,
Астана қаласы әкімінің
орынбасары:

– Елдің әлеуметтік-құқықтық жағдайы мен дамуының маңызды көрсеткіші Конституцияда көрініс табады. Өйткені бұл құжат қоғамдық және саяси институттардың ұйымдастырылуы мен қызметінің негізгі принциптерін орнықтырды, адам мен азаматтың конституциялық мәртебесін белгіледі, Қазақстанның ішкі және сыртқы саясатының негізгі түбегейлі қағидасын айқындады.

Конституцияда мемлекеттік органдардың жүйесі, оларды құру тәртібі мен жұмыс істеу тәсілі, адам мен азаматтың құқығы, бостандығы бекітілген. Расында, мемлекет құрылысының құқықтық негізін қалап, ел дамуының қоғамдағы тұрақтылықты сақтаудың, барлық қоғамдық процесті реттеудің құқықтық және саяси актісі ретінде өз міндетін толық атқарып келеді. Ендеше Конституция күнін айрықша атап өтіп, жастардың бойына отансүйіштік рухты сіңіру маңызды міндет саналады.

Евгений БОЛЬГЕРТ,
Парламент Сенатының
депутаты:



– Ел арасында Конституцияға толықтырулар мен өзгерістер жиі енгізіледі деген сөз бар. Мәселе мұнда емес. Маңыздысы – қандай өзгерістер орын алғанында. Егер өзгерістер қоғамды демократияландыру үдерісін жандандырып, елдің тыныштығы мен тұрақтылығына оң әсер етсе, онда қолдау керек. Мәселен, заңға сәйкес, ендігі уақытта суперпрезиденттік формадан мықты парламентке ие президенттік формаға көштік, президент туыстары жоғары мемлекеттік қызметтерді атқаруға тыйым салынды, жер мен жер астындағы байлық халыққа тиесілі болды, әрбір қазақстандық Конституциялық сотқа тікелей жүгіне алады. Яғни Конституциядағы түзетулер ел азаматтарының сұранысына сай әзірленіп, заңның үстемдігін қамтамасыз етіп, демократиялық үдерістерді нығай-

тып, биліктің бөлінісі мен тепе-теңдік тетігін күшейтеді.

Индира РЫСТИНА,
Қазақстан халқы
ассамблеясы хатшылығы
менгерушісінің орынбасары:



– Соңғы екі жылдың ішінде қоғамдық-саяси өмірде күрделі өзгерістер орын алды. Конституцияға түзетулер енгізу бойынша референдум өтіп, сосын Президент және Парламент сайлауы өтті.

Демократиясы дамыған әлем елдерінде митингке рұқсат алу және шығу тәртібі жеңіл. Осындай заң нормалары конституциялық реформа нәтижесінде біздің қоғамға еніп, митингтер туралы заң жетілдірілді. Енді азаматтар өзінің ойын еркін білдіре алады. Бұл қоғамның құқықтық және саяси мәдениетін көтереді.

Сайлаудағы әйелдер, жастар және мүмкіндігі шектеуді азаматтар квотасы халықтың түрлі санатының қажеттілігін ескеретін болады. Депутаттық корпуста халықтың тиісті өкілдерінің келуін қадағалау күшейтілді. Парламенттік оппозиция түсінігі қалыптасты. Қазір бір мандаттық округ бойынша сайланған депутаттар Үкімет пен квазимемлекеттік секторға орынды талап қойып, сайлаушылардың мүддесін қорғауда белсенділік танытуда.

Жергілікті өңірлерде өзін-өзі басқару жетілдіріліп, 1600 ауыл, кент, ауылдық округ әкімдері сайланды. Жыл аяғына дейін 190 елді мекеннің басшысын халық сайлайды. Биыл 45 аудан және облыстық маңызы бар қала әкімдері тікелей сайланады. Бұл үдеріс саяси үдерісті демократияландырып, азаматтардың мемлекетті басқару ісіне қатысу мүмкіндігін кеңейтеді. Облыс әкімдерін тағайындау формасы өзгерді. Мұның бәрі Ата Заңның тиімділігі мен орнықтылығын арттырып, ел дамуында шешуші рөл атқарады.

Марат БАШИМОВ,
Парламент Мәжілісінің
депутаты:

– Конституциядағы оң өзгерістерден кейін жер, жер астындағы қазба байлықтың барлығы халықтыкі деген ұстаным қалыптасты. Әділдік, адалдық принциптері бірінші орынға шықты.

Ата Заңда Президент халық пен мемлекеттік билік бірлігінің, адам және азамат құқығы мен бостандығының нышаны әрі кепілі деп көрсетілген. Сол үшін Президенттің барыне тең қарауы маңызды.



Міне, Конституцияда осындай өзгерістер орын алды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев айтқандай, «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» принципі негізінде дамитын боламыз. Қазір Мәжілісте бір мандатты округте сайланған депутаттар белсенді жұмыс істеуде. Бұл азаматтық қоғамның дамуына өз септігін тигізеді.

Биылдан бастап дәрігерлер, мұғалімдер, спорт пен мәдениет қызметкерлері, сондай-ақ, ұлттық компаниялар мен басқарушы холдингтердің мамандары декларация тапсырады. Осы декларация тапсыру үдерісін ашық әрі жариялы өткізу керек.

Біздің елдегі бай-бағландар өз капиталын шет елдерге тасып аур. Ал миллионер Әлішер Усманов өзге елдерде жинап-терген миллиардтаған қаржысын Озбекстанға инвестиция ретінде құйып отыр.

Тілеген САДЫҚОВ,
Астана қаласы Қазақстан
халқы ассамблеясы
ғылыми-сараптамалық
тобының төрағасы:



– Мемлекеттің қалыптасу тарихы жолында Ата Заңымыз бірнеше рет қабылданып, қоғам талқысынан өткені мәлім. Қазақстанның конституциялық даму процесін бірнеше тарихи кезеңге бөлуге болады. Олардың әрқайсысы конституциялық құқықтың белгілі бір қайнар көзінің даму уақытына сай келеді.

Қазақстанның ұлттық құқығының тарихы зерттеушілердің пікірі бойынша қазақ мемлекеттігінің пайда болуынан басталады. XV ғасырдың ортасында Қазақ хандығының құрылу кезеңінде дала заңы қазақтың әдет-ғұрып нормаларына негізделді. Қазақ хандығы тұсындағы «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», өз-Тәукеңің «Жеті жарғысы», бертіндегі «Абылайдың қара жолы» атанып кеткен дала заңдар жинағы қатаң әскери рефор-

ма, ұжымдық жауапкершілік, аманат пен антқа адалдық, опасыздық және қиянаттан сақ болу, бұйрыққа бағыну және оны мұлткіз орындау секілді құндылықтарға негізделді.

Елімізде тұңғыш рет Конституция 1926 жылы, кейін 1937, 1978, 1993, 1995 жылдары қабылданды. 1995 жылғы Конституцияның 1993 жылғы Конституциядан айырмашылығы – жаңа Конституцияға алғаш рет азаматтың құқығына қатысты ғана емес, адам дүниеге келген сәттен одан ажырамас құқықтарына да қатысты нормалар енгізілді. Мұның бәрі уақыттың сұранысы мен заманның ағымына, елдің алға қарай қарыштап дамуына, халықтың әл-ауқаты мен тұрмыс-тіршілігінің оңалуына мемлекет тарапынан берілген кепілдік ретінде қабылданды.

Қазіргі таңда мемлекетімізде бір шаңырақ астында тату-тәтті мекен етіп отырған жүздеген этникалық топ бар. Тәуелсіздік жылдарында көңілі дархан қазақ даласын мекен еткен бірде-бір ұлыстың өкілі өзінің туған тілін жоғалтқан жоқ. Саны ең аз саналатын этнос өкілдеріне дейін тілі мен ділін сақтап, қал-қадірінше дамытуына барлық жағдай жасалып келеді. Тиісінше, мемлекеттің қасиетті қазақ жерінде өсіп-өнген кез келген ұлыс өкілінен қазақ тілін барынша меңгеруін, мемлекеттік тілді құрметтеп, сыйлауын талап етуге құқығы бар.

Серік БЕРКАМАЛОВ,
Қазақстан заңгерлер
одағының атқарушы
директоры:



– Біз Конституция күнін бейресми түрде заңгерлер күні ретінде атап өтеміз. Өйткені заңгерлер заңның орындалуына мүдделі танытып, ел тыныштығы мен тұрақтылығы үшін жұмыс істейді.

Әділдікті, теңдікті, еркіндікті, еріктілікті, адалдықты қамтамасыз ететін конституциялық құндылықты қазақстандықтардың бойына сіңіру – маңызды міндет.

Әлеуметтік желіде білім беру ұйымдарында діни көзқарасты ұстану туралы түрлі ой-пікір жазылуда. Қазақстан – демократиялы, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет. Осы жердегі зайырлы дегеннің мән-маңызына мән беруіміз керек. Әлемде 113 мемлекет өзін зайырлы ел деп жариялап, озық, толерантты, ашық қоғам құрып отыр. Егер зайырлылықты талдайтын болсақ, ар-ождан және діни сенім бостандығы, білімнің кез келген діннен азаттығын білдіреді. Яғни зайырлы мемлекеттің негізгі белгісі – баршаға бірдей дінді міндеттемеу. Осыны терең түсінесек, онда ешқандай пікірталас орын алмайтын еді.

Қысқасы, Конституцияның мән-маңызы тұрақтылық пен тыныштықты сақтауға негізделгенін білуіміз керек.

Дайындаған **Нұрлат БАЙГЕНЖЕ**



Серік РҮСТЕМБЕКОВ, Астана қаласы Сәулетшілер одағының төрағасы, «ОРТА» ЖШС жобалау компаниясының директоры:

МАҚТАН ТҰТАМЫН

– Әрине, тәуелсіз Қазақстанның алғашқы Конституциясын қабылдауға қатысу мен үшін үлкен мәртебе болды. Ол кезде мен одақтық жобалау институтының бас сәулетшісі едім. Өзім үшін күтпеген жерден Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты әрі құрылыс және сәулет мәселелері жөніндегі комитет төрағасының орынбасары болып сайландым. Ол кезде Жоғарғы Кеңесте 360 депутат болатын. Солардың қатарында жазушылар, қоғам қайраткерлері, тіпті 3 сәулетші бар еді. Осылайша, өмір бойы жобалау жұмысымен айналысқан мен мүлдем жаңа қызмет саласына – заң шығарушылыққа еніп кеттім. Әрбір заң жобасы бойынша комитет атынан қорытынды дайындауға тура келді. Бұл заңгерлік дайындықты қажет ететін жұмыс болды. Сөйтіп, 43 жасымда ҚазМУ-дің заң факультетіне оқуға түстім.

Қазақстан Республикасының басты заңын әзірлеуші автор болмасам да, мен тарихи актіні, ҚР Тәуелсіздігі туралы декларацияны қабылдау, тәуелсіздікке байланысты алғашқы заңдарды, Жоғарғы Кеңестің бірінші қаулыларын қабылдауға қатысқанымды ерекше мақтан тұтамын. Біз бір-бірімізді құттықтап, алға үлкен үміт арттық. Бұл халықтың социалистік өмір салтынан нарықтық экономикаға көшуімен тұспа-тұс келген қиындау бір кез еді. Көпшілік мән-жайды толық түсінбеді, бұрынғы қателікпен арылығысы келді. Дегенмен алда жақсы күндердің күтіп тұрғанына бәріміз сенімді едік.

Халық ауыр күндерді бастан кешірді, бірақ мойымады. Қандай қиындықтан болсын елді ауызбіршілік қана алып шығатынын олар бүгінде жақсы біледі. Сондықтан мереке қарсаңында отандастарыма бірлік-береке тілеймін! Қашанда жақсылықтан үміт үзбеген халықпыз ғой. Қаламыз өркендеп, тұрғындардың өмірі жақсара түссе екен. Қоғамымыз гүлдене берсін!


ҰРПАҚ АЛДЫНДАҒЫ ПАРЫЗЫМЫЗ

Биыл еліміздің Конституциясына 28 жыл толды. Тәуелсіздік жылдары Конституцияға алты рет өзгеріс енгізілді. Ең соңғы рет былтыр республикалық референдум қорытындысы бойынша өзгерген еді.

Заңдылық қағида ттарының болуы, азаматтардың құқығы мен бостандығын мүлтіксіз сақтау – кез келген мемлекет дамуының басты шарты. Сондықтан бұл күн бәріміз үшін өте маңызды. «Сәлемнің де сәті бар» дегендей, осы орайда отандастарымызды Конституция күнімен құттықтай отырып, негізгі заңымызға қатысты 3 үлкен мәселені айта кетуді жөн санадым. Өйткені бұл да ел мен жердің тағдырына қатысты өзекті мәселе.

Бүгінгі таңда БАҚ беттерінде Конституцияны «Ата Заң» деп айту етек алып барады. Бұл дұрыс емес. Өйткені бұл заң тарихта ата-бабамыз жасап, бізге жеткен заң емес, оны біз өзіміз жасадық. Сондықтан ұғымдық тұрғыдан дұрыстау үшін оны «Негізгі Заң» деп атаған жөн.

Конституция – мемлекеттің ең негізгі, барлық азамат толық бойғынатын заңы. Оны әрбір отандасымыз құрметтеуі әрі оған бағынуы керек. Өкінішке қарай, өткен жылдың қаңтар айында еліміздің Ұлттық қауіпсіздік комитеті заңды алдымен өздері белден басқаны себепті елде саяси былықпа туып, оның соңы қантөгіске ұласты. Бюджетке үлкен шығын келіп қана қоймай, еліміздің халықаралық қауым-



дастық алдындағы бет-бедіне ауыр нұқсан келтірді. Мұндай жағдайдың қайталанбауына енді күшті заң арқылы тосқауыл қою қажет.

Былыт республикалық референдум өтіп, Конституциямызға үлкен өзгерістер енгізілді. Осы өзгерістердің ішінде негізгі заңымызға «қазақ

халқы», «қазақ ұлты», «қазақ жері», «қазақ мемлекеті» деген сөздер енеді деп бүкіл халық күтіп еді. Бірақ ол үмітіміз ақталмады.

Кеңес Одағы кезінде бізді «Қазақ Советтік Социалистік Республикасы» деп жазатын еді. Тәуелсіздік алғаннан кейін де сол «Қазақ Республикасы»

деген атпен қалуы керек еді. 1991 жылы еліміз тәуелсіздік алған кезде қазақ халқының үлесі 44 пайыз болса, қазір бұл көрсеткіш 70 пайыздан асып түсті. Ендеше неге біз артақ шегінуіміз керек? Мәселен, қырғыздар «Қырғыз Республикасы» деп ашық жазып алды. Дегенмен «Өзбекстан

Республикасы, Тәжікстан Республикасы, Түрікменстан Республикасы деп жазылады ғой» деп осы бірнеше елді мысалға тартатындар бар. Бірақ олардың Конституциясында «тәжік», «түрікмен», «өзбек» халқы, «Тәжік», «Түрікмен», «Өзбек» Республикасы деп анық жазылған. Мәселен, Қазақстан мен Өзбекстан арасында бір келісім жасалса, «қазақстандық-өзбек қатынасы», «қазақстандық-өзбек декларациясы» деп жазылып жүр. Бұл – үлкен саяси қателік. Шетелде бізді «қазақ елі, қазақ халқы» деп атайды, ал өзіміз олай атаудан қорқамыз. Ауызекі тілде шенеуніктер «қазақ елі», «қазақ халқы», «өзбек жері» деп айтқанмен, орыс тілінде олай айта алмайды. Себебі Конституциямызда олай жазылмаған. «Казхастанский народ», «казхастанская земля» деген сөз ешқашан «қазақ елі, қазақ жері» деген ұғым бермейді. Бұл біздің ұлтымыздың үлкен жеңілісі деп айтуға болады. Сондықтан бұл мәселеге немқұрайды қарауға болмайды. Егер «казхастанский народ» боп кете берсе, қазақ халқы тарихтан кетеді. Сол себепті алдағы уақытта Конституциямызға міндетті түрде «қазақ елі», «қазақ жері», «қазақ мемлекеті» деген атау енгізілуі қажет. Бұл – біздің ұрпақ алдындағы парызымыз.

Сайлау БАТЫРШАҰЛЫ, ҚР дипломатия қызметінің еңбек сіңірген қайраткері, профессор

КОНСТИТУЦИЯ – МҮДДЕЛЕР КЕПІЛІ

Қазақстан Республикасының Конституциясы күні – еліміздің басты мемлекеттік мерекесі. Ал Қазақстан Республикасының Конституциясы – мемлекеттің егемендігі мен демократиясын, оның экономикалық дамуын нығайтуға, қазақстандықтардың әл-ауқатын жақсартуға мүмкіндік беретін азаматтардың құқығын, бостандығы мен заңды мүдделерін жүзеге асырудың кепілі.

Мемлекетіміздің ең жоғары құндылықтары – адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары.

Астана қаласының прокуратурасы ағымдағы жылы 200 мыңға жуық азаматтардың құқықтарын, оның ішінде 10 мыңнан астам көмелетке толмағандардың құқықтарын, 3 мыңнан астам азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғады.

Прокурорлық қадағалау актілері бойынша мемлекет кірісіне 316,7 млн теңгеден астам қаражат өндірілді, 10 млрд теңге сомасына мемлекеттік сатып алу бойынша 23 заңсыз конкурстың қорытындысы жойылды.

Денсаулық сақтау саласында тексеріспен денсаулық сақтау ұйымдарының қайтыс болған адамдарды, сондай-ақ елден тысқары жерлерге кеткендерді тіркеу, көрсетілген медициналық қызметтердің көлемін арттыру, медициналық көмектің сапасыз көрсетілуі, мұқтаж пациенттерді дәрілік заттармен қамтамасыз етпеу фактілері анықталды.

Енгізілген прокурорлық қадағалау актісінің нәтижелері бойынша 98 мың астаналықтың құқықтары қорғалды, кінәлі тұлғалар тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

Қабылданған шаралармен мемлекетке құны 11 млрд тең-

гені құрайтын 63 жер учаскесі қайтарылды.

Бизнесті қорғау саласында прокурорлық ден қою шараларымен 10 мыңнан астам кәсіпкердің құқықтары қорғалды.

Прокурорлық қадағалау шараларымен 100 млн теңгеге 428 баланың алимент алуы қамтамасыз етілді.

Ағымдағы жылдың басынан бастап қылмыстық қудалау органдарының қызметтік орынжайларынан белгіленген мерзімнен артық болған 55 азамат босатылды.

Прокурорлық қадағалау актілері бойынша азаматтардың конституциялық құқықтарының бұзылуына жол берген адамдар

тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

Азаптауға жол бермеу мақсатында кезекші прокурорлардың жұмыс орындары қылмыстық қудалау органдарының барлық кабинеттері мен орынжайларына бейнебақылауды үздіксіз қосу қамтамасыз етілген компьютерлермен жабдықталған.

1123 қылмыстық істі тоқтату арқылы жазықсыз азаматтарды қылмыстық қудалау орбитасына заңсыз тартуға жол берілмеді.

Астана қаласы прокуратурасының бастамасы бойынша бейінді министрлікпен бірлесіп қаржы пирамидалары белгілері бар бірқатар сайтқа тыйым салынды.

Жоғары тұрған сот сатыларында прокурорлық қадағалау актілері арқылы қылмыстық істер бойынша шығарылған 21 адамға қатысты 15 сот актісі заңға сәйкестендірілді.

Конституцияда бекітілген Жоғары қадағалау мен өкілеттіктер прокуратура органдарына

рына азаматтардың бұзылған құқықтарын қалпына келтіру функциясын берді.

Бүгінгі таңда қадағалау органдарының қызметі Конституцияның үстемдігін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттің міндеттеріне жауап береді.

Қадағалау қызметінің негізгі бағыты жоғары конституциялық құндылықтарды – адамды, оның өмірін, құқықтарын мен бостандықтарын уақытылы қорғау, бизнес субъектілерінің құқықтарын қорғау, азаптауға қарсы іс-қимыл болып қала береді.

Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, елорданың барлық тұрғындары мен қонақтарын Қазақстан Республикасының Конституциясы күнімен құттықтаймын және зор денсаулық, бейбітшілік пен амандық тілеймін!

Ерлан ӨТЕГЕНОВ, Астана қаласының прокуроры



АЙБАРЫМЫЗ – АТА ЗАҢ

Мемлекетімізді мекендейтін халықтардың тыныш әрі бейбіт өмір сүруінің кепілі болып отырған ҚР Конституциясы – мемлекеттің құқықтық негізін қалыптастырушы құжат.

1993 жылғы Конституцияның негізінде еліміз парламенттік республика моделінде болса, 1995 жылы қабылданған Конституция негізінде президенттік-парламенттік билікке көшті. 1995 жылы қабылданған Конституцияға әр жылдары бірқатар өзгеріс енгізілді. Кез келген елдің тұрақты дамуы мен динамикалық өсуінің кепілі болатын

ең негізгі тетік – Конституция. Онсыз өрлеу мен өрсітеу, кемелдену мен көркею, қарқын-дау мен қарыштау жоқ. Қазақстан тәуелсіздік алғалы екінші қабылданған Ата Заңымыз өміріміздің жақсаруына, адамдардың бейбіт те мамыражай өмір сүруіне, білім алып, еңбек етуіне толық мүмкіндік беріп отыр. Мемлекеттік билік жүйесінің, институттар

мен қоғамдық ұйымдар жұмысының жүруіне тигізетін әсері зор.

Заң – өмірдің айнасы. Өміріміз түзу, болашағымыз жарқын, қоғамымыз берекелі болсын десек, онда Ата Заңымызды қадірлей білейік!

Айсұлу ЖҰМАБАЕВА, Абай Құнанбайұлы атындағы №87 мектеп-гимназияның мұғалімі

– Алуа Саламатқызы, алдымен Конституциямыздың тарихына тоқталсаңыз?

– Мемлекетіміз тәуелсіздігін бекіткен уақыттан бергі аралықта 33 жыл ішінде тәуелсіз Қазақстанның екі Конституциясы қабылданды. Алғашқы Конституциямыз 1993 жылы 28 қаңтарда, қазіргі Ата Заңымыз 1995 жылдың 30 тамызында қолданысқа енді.

Тәуелсіз Қазақстанның алғашқы Конституциясы елдің конституциялық құрылысының негізін қалады, мемлекеттік механизмнің, қоғамдық және саяси институттардың ұйымдастырылуы мен қызметінің негізгі принциптерін орнықтырды, адам мен азаматтың конституциялық мәртебесін белгіледі, Қазақстанның ішкі және сыртқы саясатының негізгі түбегейлі қағидаларын айқындады.

Екінші рет қабылданған Конституциямызға келер болсақ, жаңа құжатқа деген қажеттілік еліміздің мемлекеттік және қоғамдық өмірінде орын алған өзгерістерге байланысты, сондай-ақ бұдан бұрынғы басты бағдарда кеткен кемшіліктердің орнын толтыру үшін туындаған еді. Нәтижесінде Президент жанынан сарапшылық-консультативтік кеңес құрылып, жаңа Конституцияның жобасын жасау жұмысына қазақстандық және шетелдік белгілі ғалымдар мен мемлекет қайраткерлері тартылды.

Сөйтіп, тиісті тұлғалардың қатысуымен республиканың жаңа Конституциясының жобасы жасалып, бүкілхалықтық талқылауға шығарылды. Қоғам мүшелері тарапынан да кеңінен талқыланды. Конституция жобасын талқылауға 3 миллионнан астам азамат қатысып, өз пікірін, көзқарасын білдірді. Талқылау қорытындысы бойынша жаңа Конституцияның жобасына, нақты айтсақ, оның елу бес бабына 1100 өзгертулер енгізіліп, бірқатар жаңа баптар пайда болды.

Нәтижесінде, 1995 жылғы 30 тамызда Мемлекет басшысының Жарлығына сәйкес ҚР жаңа Конституциясын қабылдау жөнінде бүкілхалықтық референдум өткізілді. Осы жаңа Конституцияны қабылдай отырып, ел азаматтары өзінің мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы болып табылатындығын жариялады, өзінің егемен құқығын жүзеге асырды. Референдумға сайлаушылардың 90,51%-ы қатысып, олардың 89,14%-ы жаңа Конституцияның қабылдануын жақтап дауыс берді. Республикамыздың қоғамдық, саяси жүйесі үшін жаңалық болып табылатын демократиялық институттар құрылды. Тұңғыш рет екі палатадан тұратын, тұрақты негізде жұмыс істейтін қазақстандық парламентаризмнің іретасын қалады.

– Конституциямыздың өзіне тән ерекшелігі бар ма? Біздің Ата Заңымыз Франция Конституциясының көшірмесі деген де пікірлер айтылады. Осыған қатысты не айтасыз?

– Ата Заңымыз Франция Конституциясы негізінде жасалды. Мұның өз себептері болды. Екі мемлекет те елдің басты құжатын қабылдау кезінде қиын, өтпелі жағдайда болды. Дегенмен, оны көшірме болды деп айтуға болмайды. Ата Заңымыздың

ЕЛ ӨМІРІНДЕГІ ӨЗГЕРІСТЕРДІҢ БАСТАУЫ

Конституция – елдігіміздің айғағы, кез келген жағдайда жүгінетін ең басты құжатымыз. Сондықтан ондағы өзгерістер жеке тұлғаның өмірінен бастап бүкіл мемлекеттің тыныс-тіршілігіне елеулі жаңалықтар әкеледі. Заң ғылымдарының докторы, профессор, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті заң факультеті мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық және әкімшілік құқық кафедрасының меңгерушісі Алуа ИБРАЕВА Конституциямыздың ел өміріндегі маңызы туралы айтты.



Марат ӘБСЕМЕТОВ, тарих ғылымдарының докторы, профессор:

ТӘУЕЛСІЗ ЕЛДІҢ БАС ҚҰЖАТЫ

Ұлы дала, қазақтың даласы – талай шайқас пен ұрыстың куәсі болған, түрлі тарихи кезеңдер мен қылы замандар өткен жер. Қандай дәуірлер өтсе де, сол заманға сай өз заңдары болған. Кешегі Түрік қағанатының, Әмір Темірдің, Шыңғыс ханның және Қазақ хандығы тұсындағы заңдар, Тәуке ханның Жеті жарғысы, Есімханның ескі жолы, Қасым ханның қасқа жолында қазақ халқының бүкіл тұрмыс-тіршілігі заңмен бекітілді. Сонымен қатар Алаш зиялылары да сол кездегі мерзімді басылымдарда қазаққа пайдасы бар біраз жаңа заңдарды жариялап отырды. Өкініштісі сол, олар бұл заңдарды іске асыра алмай кетті. Енді міне, тәуелсіздік алғаннан кейін 1995 жылы 30 тамызда қабылданған Ата Заң – бұрынғы құжаттардың ішінде ең жетілдірілген нұсқасы, бізге атадан мұра болып келе жатқан заң десе де болады. Бүгінде қазақ халқы ұлт ретінде осы заң арқылы біраз жаңғырып, көтерілді. Тіл, өнер, мәдениет, дін мәселесі болсын, басқа да көптеген салада бізде оң өзгерістер болды. Қазір БҰҰ-дағы 100-ден астам мемлекет Қазақстан жерінде қаншама саммит, халықаралық деңгейдегі маңызды жиындар өткізіледі. Қазақ халқы осы тұрғыда да басқа мемлекеттермен терезесі тең елге айналды. Мемлекет болғасын түрлі қиындықтар болуы мүмкін, бірақ Ата Заң елдің басты тірегі болып қала береді. Біздің Ата Заң демократиялық құндылықтар тұрғысынан Франция Конституциясына қарап жасалған делінеді. Себебі ол, Еуропада бұрыннан дамыған ел. Бұл құжатта азаматтықты аңсап кеткен қазақтың талай зиялы мықты азаматтарының арманы жатыр. Біздегідей Ата Заңы бар халық болашағы жарқын ел деп айта аламын. Сондықтан еліміздің ерекше мерекелерінің бірі – Конституция күні құтты болсын!

Францияның Конституциясына қарағанда көп ерекшелігі бар. Біріншіден, құрылымы бойынша Қазақстан Конституциясы жинақы. Атап айтқанда, ҚР Конституциясының бір бөлімінде реттелген қатынастар Франция Конституциясының бірнеше бөлімінде реттелген. Мәселен, Республика Президентінің өкілеттілігінің мерзімінен бұрын тоқтатылуы туралы қатынас ҚР Конституциясының 3-бөлімінде («Президент») топтастырылса, Франция Конституциясында тиісті қатынас «Республика Президенті» деген бөлімнен бөлек «Сот төрелігінің Жоғары Палатасы» деп аталатын 9-бөлімде таратылып жазылған. ҚР Конституциясында қоғамдық қатынастар жинақталып 9

ның Конституциясының жеті бөлімнен тұратын 2-тарауында реттелген, басқаша айтқанда, Өзбекстанда жеке тұлғаның құқықтық жағдайының негіздерінің мазмұнын құрайтын элементтер Конституцияның бір тарауының ішінде жеке-жеке бөлімдерде бекітілген.

– Конституциямыз бұған дейін бірнеше рет өзгерді. Оған не себеп болды?

– Конституция – бұл қатып қалған акт емес, уақыт өзгереді және тиісті өзгерістер конституциялық нормаларда көрініс табады. Қолданыстағы Республика Конституциясына бірнеше рет өзгерістер мен толықтырулар енгізілді: бұл 1998, 2007, 2011, 2017, 2019, 2022 жылдар. 2022 жылы Конституцияға 2 рет өзгерту енгізілді.

болмайтындығы бекітілді. Президенттің партияға қатыстылығын анықтаған бұл шектеу оның құқықтық мәртебесіне тікелей байланысты. Республика Конституциясында (40-баптың 2-бөлімі) анықталғандай, ҚР Президенті адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының нышаны әрі кепілі болып табылады. Тиісті мәртебесіне сәйкес, ол ешбір саяси партияның идеологиясын ұстанбауы тиіс, ешқандай саяси партияға тән болмауы, оның мүддесімен байланысы болмауы керек.

ҚР Конституциясына өзгертулер мен толықтырулар енгізген 2022 жылғы 8 маусымдағы заңмен Президенттің жақын туыстарына мемлекеттік саяси қызметшілердің

заң күші бар акті қабылдау құқығын иеленді. Заң шығармашылығында Мәжілістің рөлі артты, ендігі жерде заңды Мәжіліс қабылдайтын болса, ал Сенат Мәжіліс қабылдаған заңды мақұлдайтын болды. Сенаттың рөлі артты, атап айтқанда, Сенаттың келісімімен Президент тағайындайтын мемлекеттік органдар басшыларының тізбесі кеңейді. Сенаттың келісімімен тағайындалатын тұлғалар қатарына Республика Конституциялық сотының Төрағасы және Жоғары сот Кеңесінің Төрағасы қосылды. Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті Жоғары аудиторлық палата болып өзгерді, өлім жазасы толығымен жойылды.

– Сіз айтып отырған мәселелер референдум кезінде оның алдындағы халыққа түсіндіру жұмыстарында кеңінен айтылды. Дегенмен, маман ретінде 2022 жылғы 5 маусымдағы жалпы дауыс беру арқылы енгізілген өзгерістердің негізгі ерекшелігіне тоқталсаңыз?

– Тиісті конституциялық реформаның негізгі бір жаңалығы: ҚР Конституциялық Кеңесінің орнына Конституциялық сот құрылып, конституциялық бақылау институты жаңғыртылды, ҚР Конституциялық сотының ұйымдастырылуы мен қызметінің негіздері бекітілді. Сонымен қатар, ҚР Конституциялық сотына жүгінетін субъектілер қатарына азаматтар, Адам құқықтары жөніндегі уәкіл және Бас Прокурор қосылды. Бірақ, бұл тұлғалар өзге субъектілерге қарағанда Конституциялық сотқа тек нақты шектеулі мәселелер бойынша ғана жүгіне алады. Аталғандарға қоса, жергілікті мемлекеттік басқару мен өзін-өзі басқарудың рөлі күшейтілді. Соңғы өзгертулерге сәйкес, Республика Президенті өкімдердің шешімдері мен өкімдерінің күшін жою құқығынан айырылды. Сонымен қатар, тиісті конституциялық реформамен облыстардың, республикалық маңызы бар қалалар мен астана өкімдерінің қызметіне орналасу тәртібі өзгерді. Референдумда республиканың біртұтас халқы ҚР Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңда көрініс тапқан мемлекеттің саяси жаңғыру бағдарын қолдады. Халықтың қолдауы жаңа, дамыған Қазақстанды құру жолындағы аса маңызды қадам болды деп айтар едім.

Сұхбаттасқан
Салтанат МҰРАТҚЫЗЫ



бөлімде бекітілсе, Францияда шағын мәселелер жеке бөлек бөлімдерде көрсетілген.

ҚР Конституциясында адам мәселесіне ерекше орын берілген. Қазақстанда жеке тұлғаның құқықтық жағдайының негіздері Конституцияның 2-бөлімінде бекітілген. Республикамызда адамның және азаматтың негізгі құқықтары мен бостандықтарының, міндеттерінің конституциялық бекітілуін саралау оның елдерде тиісті мәселенің конституциялық реттелуінен біршама ерекшеленетіндігін көрсетеді. Мысалы, атап кеткеніміздей, Қазақстанда жеке тұлғаның құқықтық жағдайының негіздері Конституцияның бір бөлімінде – «Адам және азамат» деп аталатын 2-бөлімде жалпы реттелсе, Өзбекстанда жеке тұлғаның құқықтық жағдайының негіздері Өзбекстан Республикасы-

– Былтырғы 5 маусымда өткен референдум да Ата Заңымызға біраз өзгерістер әкелді ғой?

– Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгертулер мен толықтырулар енгізген 2022 жылғы 8 маусымдағы заң республикалық референдумда қабылданды. Бұл заң бойынша Ата Заңымыздың үштен бір бөлігіне өзгерістер енгізілді. Ашып айтсақ, ҚР Тұңғыш Президентінің барлық артықшылығы алынып тасталды, Президенттің саяси бейтараптылығы бекітілді. Президенттің, оған қоса Конституциялық сот, Жоғарғы сот және өзге де соттардың төрағалары мен судьяларының, Орталық сайлау комиссиясының, Жоғары аудиторлық палатаның төрағалары мен мүшелерінің де өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде саяси партияға кіруге

және квазимемлекеттік сектор субъектілері басшыларының қызметтерін атқаруына тыйым салынды. Сенаттың Президент тағайындайтын депутаттарының саны 15-тен 10 депутатқа өзгерді, яғни 5 адамға қысқарды. Парламент Мәжілісінің депутаттарының саны 107 депутаттан 98-ге қысқартылды әрі Мәжілісті құру тәртібі өзгерді, атап айтқанда, Мәжіліске депутаттар пропорционалды өкілдік ету және мажоритарлық жүйе бойынша сайланатын болды. Мажоритарлық сайлау жүйесінің енгізілуіне байланысты Мәжілістің бір мандаттық аумақтық сайлау округі бойынша сайланған депутаттарын кері шақырып алу институты енгізілді. Республикада заң шығару субъектілерінің қатары көбейді, ашып айтқанда, Республика Үкіметі уақытша



СЕМЕЙ ПОЛИГОНЫ ЕЛ ҚАСІРЕТІ ЕДІ

1949 жылдың 29 тамызынан 1989 жылдың 29 тамызына дейін қырық жыл бойы қазақ даласына зәнарын шашып келген Семей полигоны 1991 жылы ҚР Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың жарлығымен жабылды. Осы қырық жылдан астам уақытта Семей өңірінде 456 жарылыс болыпты. Ең бір қауіптісі ол 1962 жылға дейін ашық, яғни ауада және жерүстінде болған. Тек содан кейін ғана дүмпулер жер астына ауыстырылған.

Байырғы тұрғындардың естілігінде айтылғандай, полигонды жабу туралы жарлық бір жұмыс күні ішінде дайындалып, оған сол күні-ақ қол қойылыпты. Негізі ол сол кездегі ел ішінде айқын көріне бастаған халық наразылығын басу үшін қолға алынған шешім болған көрінеді.

Жарлыққа қол қойылуының өзі де аяқ астынан болыпты. Оны өз естелігінде белгілі эколог, экономика ғылымдарының докторы, профессор Атамұрат Шәменов былай деп баяндайды:

«Кейін білгенімдей, Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаев қолына жарлық нұсқасы тиісімен, жиналыс үзілісінде, тіпті өз кабинетіне бармастан, Жоғарғы кеңесте отырып, телефон арқылы Одақ басшысы Михаил Горбачевпен тікелей

сөйлесіп, ядролық қару сыналатын полигонды жабу жөнінде шешім шығаруға көндіріп, келісімін алған. Сол сәтте-ақ жарлыққа қол қойып, осынау сүйінші хабарды аланда шеруге жиналған халыққа жеткізуге тапсырма берілген. Әшейінде заңды құжаттарға бірнеше ай бойы қол қойылып, мөр басылмай тұрып алатын болса, Семей полигонын жабудың құжаттық жұмыстары бір-ақ күнде жүзеге асырылды. Сонымен Қазақстан Республикасы Президентінің 1991 жылғы 29 тамызындағы №409 Жарлығымен Семей ядролық полигоны мәңгілікке жабылды. Жарлықтың шығуы елде орнығып келе жатқан демократияның жеңісі болатын.

Содан кейін 1994 жылдың желтоқсанында әлемнің ядролық алпауыттарымен біздің еліміздегі қауіпсіздіктің кепілі туралы Меморандумға да қол

қойылды. Сол жылы ел аумағынан барлық ядролық қаруды шығару аяқталды. Қазір Қазақстан өз жеріндегі ядролық қарудан өз еркімен бас тартқан мемлекет ретінде әлемге үлгі болып отыр. Бұл мемлекет тарихындағы келелі іс болып қалды.

Семей ядролық полигонын жабуда белгілі ақын, қоғам және мемлекет қайраткері Олжас Сүлейменов пен Халық конгресі партиясының, «Аттан» қозғалысы өкілдерінің еңбегі орасан зор. Сондай-ақ, Семей өңірінің белгілі перзенті Кешірім Бозтаевтың да осы іске төккен маңдай терін атап айтқан жөн. Семей полигонын жабу мәселесіне атсалысқан осындай азаматтар сол уақытта аз болмады».

Шынында да Семей полигоны – ел тағдырындағы ғана емес, адамзат тағдырындағы үлкен қасірет. Жарты ғасырға жуық уақытқа созылған жарылыстан бірнеше ұрпақ зардап

шекті. Қоршаған ортаға келтірген залалы да ұшан-теңіз. Ол жердегі ядролық зарядтардың жиынтық қуаты Хиросимаға тасталған бомбаның қуатынан 2,5 мың есе асып түседі екен. Алайда соншалықты бүлінген табиғатты қайта қалпына келтіру оңай шаруа болмай отыр. Семей полигоны алғаш жабылған жылдары экологиялық аймаққа көңіл бөлініп, түрлі бағдарламалар, жоспарлар жасалған-ды. Бірақ уақыт өте келе солардың барлығы дерлік аяқсыз қалды. Бұл істе әлемдік тәжірибесі бар елдермен бірлесіп жұмыс атқару керек-ақ.

Осы өлкедегі ядролық сынақтың салдарынан соңғы жылдары әр жүз мың адамға шаққанда жүйке-психологиялық ауруға шалдыққан адамдардың саны 960-тан 1624-ке, ақыл-ойы кем адамдар 3105-тен 4612-ге, невроз және жүйке тамыр дерті бар адамдар 3692-ге көбейген. Ал сары ауру, іш ауруы, туберкулез сияқты ауру түрлері халықты әбден меңдеп, арасында көпшілігі нағыз тұқым қуалайтын дауасыз рақ, паралич, анемия, жазылмайтын тері ауруларының алуан түрлеріне душар болып отыр.

Әлемдік технологиялардың көмегімен біраз зардабын жоюға әрекет жасалып жатыр. Ең алдымен елдің денсаулығын нығайтып, экологияны қалпына келтіру басты мәселе болып келеді. Ол үшін халықаралық деңгейде көптеген зерттеу жұмысын жүргізген жөн. Олай дейтініміз, өңірдегі экологиялық көрсеткіш әлі де қауіпті деңгейде. Бірақ соған қарамастан жергілікті тұрғындар сол жерде малын бағып, суын ішіп, ауасын жұтып, өмірін сүріп жатыр.

Полигон жабылып, ядролық сынақ жүргізу тоқтатылғанымен, сол бір қорқынышпен еске алатын үрейлі күндер халықтың жүрегінде қалып қойды. Уланған ауа мен топырақтың зардабы, экологияға келген орасан шығынның орны енді қайтіп толмаса да, үкімет сол жердің қарапайым халқына денсаулығын түзеп, табиғатты барынша сауықтыру үшін қолдан келгенше жағдай жасаса дейді семейліктер. Семей тек сол топырақта туған жанның қасіреті, сол жерде өсіп-өнген ұрпақтың жан жарасы болып қалмаса екен деген тілек зор.

Сағи ОРАЛҰЛЫ

ЕЛОРДАДА – ЕСІМІ

АРҚАНЫҢ АРДАҚТЫ АЗАМАТЫ

Елордадағы көрікті көшелердің бірі қазақтың танымал жазушысы, журналист Әскен Нәбиевтің есімімен аталады. Ол бұрын Алматы ауданындағы А-23 көшесі болатын. Бүгінде Иван Панфилов және Бәйдібек Қарашаулы көшелерінің қиылысында орналасқан көшенің жалпы ұзындығы 948 метрді құрайды.

Гүлбаршын
ӨКЕШҚЫЗЫ



Арқа топырағында туып-өсіп, өміршең туындыларымен рухани қорымызды байытқан белгілі қаламгердің ғибратты ғұмыры мен әдеби мұраларын біреу білсе, біреу біле бермейді. Сондықтан, майдангер жазушының өмір тарихына аз-кем тоқталғанды жөн көрдік.

Сонау 1923 жылдың желтоқсан айында Ақмола облысының Ақкөл ауданындағы Қына ауылында дүниеге келген Әсекең Степняк қаласындағы орта мектепті ойдағыдай тәмамдаған жылы соғыс басталып, туған елін жаудан азат ету үшін өзі құралып-тас жасармен бірге майданға аттанады. Сталинград шайқасына қатысып, ауыр жарақаттанса да, жас жауынгер жеңісті жақындықтауға орасан зор үлес қосты.

Әскерден қайтқаннан кейін мектепте мұғалім, Макинск аудандық партия комитетінде нұсқаушы болып істей жүріп, 1947 жылы Арқа өңірі баспасөзінің қарашаңырағына айналған облыстық «Арқа ажары» газетіне қызметке орналасады. Облыстық және өлкелік газет редакцияларында әдеби қызметкер, меншікті тілші және бөлім меңгерушісі, Қазақстан Жазушылар одағының Целиноград облыстық бөлімшесінің әдеби кеңесшісі қызметін атқара жүріп, артына өшпес өнеге, өміршең туындылар қалдырды.

Әскен Нәбиевтің қаламынан 30-ға жуық кітап дүниеге келді. Олардың арасында «Перзент», «Гүлзи», «Шолпан», «Ауыр апталар», «Бейтаныс бойжеткен», «Қанат қаққанда», «Бел-белестер» және басқа көркем туындылары өз оқырманын тауып, қазақ әдебиетінің алтын қорына қосылды. Майдангер-қаламгер шығармаларында соғыс тақырыбымен қатар, тылдағы қарапайым адамдардың жанқиярлық еңбегі кең орын алды. Әсекеңнің әңгімелері мен хикаяттарында өмірдің ащы шындығы керемет суреттеледі. Жазушының «Гүлзи» повесіне ел тіршілі-

гі қылыштың жүзіне қойылған сұрапыл соғыс жылдарындағы шалғайдағы шағын ауылдың тағдыры, Гүлзи атты өрімдей қыздың өмірі өзек болған. Қаламгер шеберлігінің арқасында сындарлы кезеңде сомдалған Гүлзи образы адамды еріксіз баурап, нәзік жанның атпал азаматтар кетер ауыртыпалықты арқалаған ерлігіне тәнті етеді.

Өзінің ұзақ та мағыналы ғұмырының алпыстан астам жылын бүгінгі Астана қаласында өткізген майдангер жазушы туған қаласының мәдениеті мен әдебиетінің, жас ұрпақты адамгершілік рухта тәрбиелеу жұмысының жандануына өлшеусіз үлес қосты. Көзі тірісінде жетпіс жылға тарта бірге отасып, тағдыр-талайының ащысын да, тұщысын да қатар көре жүріп, он бір бала тәрбиелеп өсіріп, ұлын ұяға, қызын қияға қондырған Әскен ағамыз бен Фарида анамыздың ғұмыры, жүріп өткен жолы – ұрпаққа үлгі-өнеге.

Арқаның ардақты азаматы, қазақтың танымал жазушысы Әскен Нәбиевтің туғанына биыл 100 жыл. Осыған орай, өзінің туған қаласы – Астанада биыл жазушының өмірі мен шығармашылығына арналған еске алу кештері және фотокөрмелер ұйымдастырылды. Жыл соңына дейін қаламгердің мерейтойы аясында ғылыми-тәжірибелік конференциялар, республикалық үздік шығармалар және көркемсурет байқаулары және т.б. іс-шаралар өтеді деп жоспарланып отыр.

Астананың Алматы ауданында Әсекеңнің атында көрікті көше бар. Әрине, өміршең туындылар есіне қандай құрмет көрсетілсе де артық емес.

ҰЛТТЫҚ НАҚЫШТАҒЫ ӨНІМГЕ СҰРАНЫС БАР

Тынымсыз еңбек, үздіксіз ізденіс нәтижесінде Самғау Нәсіпханнның «Samgau»-ы елде танымал өнімге айналып келеді. Біз еңбек адамымен кездесіп, аяқ киім тігу өнерінің қыр-сырын сұрадық.

Нұрлат БАЙГЕНЖЕ

– Біздің шеберхана Қараөткелде орналасқан. Шағын ұжымда аяқ киім тігу шебері, сатушы, маркетинг және жарнамамен айналысатын 8 адам бар. Айына 400 дана аяқ киім шығарамыз. Тапсырыс та аламыз. Кейде аяқ киім, сөмке, белбеумен қосып жасаймыз, – деп бастады әңгімесін Самғау.

Өзіне жоғары талап қою арқылы істі талғаммен орындайтын адамдар болады. Самғаудың бойынан осындай қасиетті байқадық. Ол бойына текпен дарыған өнерді жалғап, ұрпақтар сабақтастығын ұстанып отыр.

– Астанада аяқ киім сататын сауда орнында жұмыс істедім. Сол кезде аяқ киім жақсы сатылатынын, әсіресе шетелдік брендтерге сұраныс жоғары екенін көрдік. Сөйтіп, аяқ киім өндірісін дамыту идеясы туындап, атакәсіпті бастап кеттік. Бұған әке-шешем қолдау білдіріп, қолындағы ірі қара малын сатты. Оған бір қалып пен бір машинка алып, істі бастадық, – дейді ол.

Белгілі бір тауарды ерекшелендіру, бәсекестерінен өзгеше қылуы бренд деп жатады. АҚШ, Испания, Италия, Германия, Ұлыбритания сынды елдерде Adelante, Accademia, Baldan, Barker, Buffalo, Enrile, Calce, Meindl, Ikon, Wolverine және тағы



басқа ерлер мен әйелдерге арналған бренд аяқ киімдері шығады. Бренд өнімін өндіретін компаниялар арасында нарықта 100 жылдан аса уақыт сенімге ие болып келеді. Әрине, мұндай алпауыттармен бәсекелесу оңай шаруа емес. Шешінген судан тайынбас дегендей, Самғау өзінің «Samgau»-ын брендте айналдыруға күш салуға бекініп отыр.

– Бренд сенімді дегенді білдіреді. Сенімге ие болуда сапаға мән беру маңызды. Бір тиын болсын өзімізде қалсын деген халықтың ниеті бізге дем беруде. Болмаса нарықта бәсекеге төтеп беру қиын. Қытайдың арзан өнімдері нарықты жаулап

алды. Көрші Қырғызстан мен Өзбекстанда қолөнер жақсы дамыды. Ішкі өндірісті қалыптастыруда халықтың қолдауы болмаса, отандық өнім кері кететіні анық. Біздің алдымыздағы мақсат – отандық бренд өнімін қалыптастырып, әлемге таныту, – дейді мақсатшыл азамат.

Бізді аяқ киім жасау өндірісі қызықтырды. Сұрақты осы бағытта бұрып, өндіріске керекті шикізатты қайдан алатынын білдік.

– Шыны керек, елде жеңіл өнеркәсіп өркенін жайып кете алмай отыр. Аяқ киім тігуге керекті шикізатты шет елдерден аламыз. Табанды Түркиядан аламыз. Себебі онда өндірілген

шикізат сапалы. Басты артықшылығы – қысқа төзімді. Біздің елде табан шығаратын бірде-бір өндіріс орны жоқ. Теріні де Анадолы елінен аламыз. Біздің елде тері шығады. Бірақ оның құрамындағы тұзы мен майы дұрыс шықпағандықтан, аяққа кигенде соры шығып кетеді. Халықтың талабы мен талғамы жоғары. Италия мен Түркияның брендтерін киіп жүргенін жақсы білеміз. Осы себепті бірінші сортты теріден сапалы аяқ киім өндіруге мән береміз, – дейді кәсіпкер.

«Samgau»-дың аяқ киімдерін көрдік.

Сапасы көзге көрініп тұр. Сыртқы формасы да тартымды. Шебердің сөзінше, аяқ киімнің құрылымы мен пішіні әлдеқашан қалыптасып қойғандықтан, дизайнына аздаған ерекшелік қосып, ұлттық өрнекпен әспеттейді.

– Ұлттық сипаттан айырыла жаздаған ел ретінде көненің көзі болған құндылықтарды қайта жаңғыртуда құлшыныс байқалады. Сондықтан болар, ұлттық етікке сұраныс жоғары. Қазір ұлттық нақышта безендірілген етіктер трендке айналды. Осы бағытта жаңалық әкеп, аз да болса үлес қостым.

Қазір өндірістік тәжірибемізден өткізіп, балалар аяқ киімін тігуді қолға алдық. Оның ерекшелігі – ортопедиялы болуы және синтетикалы өнім түрін қоспай, табиғи тазалығын сақтау. Соның бағасы қолжетімді болуға басымдық береміз. Өйткені көпбалалы аналардан сұраныс көп түседі.

Жалпы, өндіріс көлемін арттырып, айына 1000-1500 дана аяқ киім тігуді жоспарлап отырмыз, – дейді Самғау Нәсіпхан.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ МЕКЕМЕЛЕР

Мектепке дейінгі білім ұйымдары өткен жылмен салыстырғанда 113 балабақшаға көбейді, бүгінде елордада 67 642 баланы қамтитын 505 балабақша жұмыс істейді. Мектеп жасына дейінгі балалар санының жылдан-жылға артуына байланысты күн сайын балабақшаға кезекке 110-нан 150-ге дейін бала тіркеледі.

Балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтуды ұлғайту мақсатында 2023 жылдың басынан бастап 8 957 орындық мемлекеттік тапсырыс орналастырылды. Осы жылдың соңына дейін қосымша 1 360 орынға мемлекеттік тапсырыс орналастырылып, 500 орынға мемлекеттік балабақша филиалдары ашылады.

Барлық балабақша жаңа мемлекеттік стандартқа және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасына көшті. Жаңа оқу жылынан бастап алғаш рет мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленіп жатқан балалардың жекелеген санаттарына тегін тамақтану ұйымдастырылады.

Биыл қыркүйек айынан бастап 4 балабақшада, 4 шағын орталықта эмоциялық еркі жағынан және мінез-құлқында (аутизм) бұзылыстары бар балаларға арналған инклюзияны қолдау кабинеттерін және жекеменшік балабақшаларда түзету топтары ашылады.

Қала әкімдігінің қолдауымен мемлекеттік балабақшаларда материалдық-техникалық база мен ойын алаңдарын нығайту жұмыстары жүргізіліп жатыр.

ОРТА БІЛІМ ЖАЙЫ ҚАЛАЙ?

Бүгінде елордада 169 мектеп жұмыс істейді (оның ішінде 101 – мемлекеттік, 61 – жекеменшік, 7 – республикалық мектеп).

2023-2024 оқу жылында білім алушылар саны шамамен 255 мың білім алушыны құрайды. 1 қыркүйекте 27 мыңға жуық бала мектеп табалдырығын аттайды.

Бірінші сыныпқа қабылданған балаларды бейімдеу мақсатында 78 мемлекеттік мектепте қысқа мерзімді «Балақайлар мектебі» (4229 бала) ашылды. Жазғы демалыстан кейін оқушылар мен ата-аналарды бейімдеу мақсатында тамыз айында «Adaptation days» жобасы басталды.

Білім алушылар санының артуына, сондай-ақ «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы шеңберінде салынатын 90 мың орындық 24 мектептің құрылысына байланысты қаламызда 2026-2027 оқу жылына қарай 4 мың педагогке қажеттілік туындайтын болады (16 300 орындық 11 мектеп салынууда, оқу жылының басында 4 мектеп тапсырылады).

Кадр тапшылығын шешу мақсатында жыл сайын жергілікті бюджет есебінен педагогикалық мамандықтарға мемлекеттік тапсырыс ұлғаюда. Бүгінгі таңда мемлекеттік білім беру гранты бойынша 4 мыңнан астам студент білім алуда. Бірақ бұл біздің кадрларға деген қажеттілігімізді толығымен шешпейді. Осыған байланысты Ғылым және жоғары білім министрлігі қала әкімдігімен бірлесіп, елордалық педагогика университетін ашуға бастамашылық жасап отыр.

Педагогтардың шығармашылық әлеуетін, олардың кәсіби деңгейі мен құзыреттерін дамыту үшін жоғары оқу орындарында педагогикалық кадрларды даярлау ғана емес, сондай-ақ жұмыс істеп жатқан педагогтардың кәсіби өсуі де маңызды.

Тек қаңтар мен тамыз аралығында 3 754 педагог пен 42



ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНА ДАЙЫНДЫҚ ҚАЛАЙ?

Жылдан-жылға білім саласына қойылатын талап күшейді. Білім мазмұнына енгізілетін өзгерістердің мәні құндылықтарға бағдарланған оқыту тәсілін қолдануды көздейді. Бұл стандарттарда көрсетілген ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды білім алушылардың бойына дарытуға іске асыру екені түсінікті. Ал, оны жүзеге асыратындар – заманауи біліммен қаруланған білікті кадрлар, маманданған педагогтар. Биылғы тамыз кеңесінде білім саласының өзекті мәселелері сөз болды. Астанада білім саласындағы серпінді жобалар жүзеге асырылып жатыр. Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау үшін елордада біршама жұмыс атқарылды. Жиында сөз алған Астана қаласы Білім басқармасының басшысы Қасымхан СЕНҒАЗЫЕВ елордадағы тиімді білім берудің даму бағытын сөз етті.



мектеп директоры біліктілікті арттыру курстарынан өтті. «Мың көшбасшы» республикалық кадр резервіне елорданың 20 мектеп директорының орынбасары еніп отыр. Сонымен қатар, өткен оқу жылында 30 мектеп директорының орынбасары қатарынан кадрлық резерв қалыптастырылып, олар қазан-қараша айларында МВІ бағдарламасы бойынша оқытылады.

Жыл бойы елорданың 200-ден астам мектеп басшылары мен педагогтары Сингапур, Жапония, Грузия, Финляндия мемлекеттерінің оқу орындарында халықаралық тәжірибе алмасып, тиімді әрі қолайлы компоненттерді мектептердің оқу-тәрбие процесімен сабақтастыру мақсатында тағылымдамалардан өтті. Бұл тәжірибе жаңа оқу жылында жалғасады.

Сондай-ақ оқушылардың білім сапасын арттыруға бағытталған халықаралық жобалар іске асырылуда. PASCH (неміс тілі), GLOBAL SCHOLARS (ағылшын тілі), Cisco (информатика), қала деңгейінде «Профессор сабағы», «Көшбасшылық – кәсіпқойлар-

дың сабақтары», «Дипломат», «Шеберден тәлім», «Құндылыққа негізделген білім беру» жобаларының іске асырылуы оқу-тәрбие процесінде өзінің оң нәтижесін көрсетіп отыр.

Өткен оқу жылында 280 оқушы халықаралық зияткерлік жарыстарда жоғары нәтиже көрсетіп, 206 марапатқа ие болды, оның ішінде 121 алтын медаль бар. Бұл да елордалық педагогтар Жеңіс Кенжекейдің, Мейрам Хазездің, Марина Кон-

цеваның, Темірлан Хасеновтің, Дарын Ибраевтың, Динара Жақыпбекованың, Валя Қайсернованың, Мағжан Қабашевтің, Мақсат Төлегеновтің жемісті жұмысының нәтижесі.

Ұлы ұстаз Ыбырай Алтынсарин: «Ұстаз болу – бұл қызмет емес, бұл кәсіптің құдайы» деген. Сіздерге ұстаздық жолдағы елеулі еңбектеріңізге алғыс білдіреміз!

Білім алушылардың білім сапасын арттыру мақсатында

жаңа оқу жылында оқу пәндері бойынша функционалдық сауаттылықты дайындау үшін барлық мектепті интерактивті контентке, цифрлық тренажер-платформаға қосу жоспарланды.

Бүгінгі күні қала мектептері 100 пайыз жоғары жылдамдықты интернетпен қамтамасыз етілген, 98 мектептің барлық оқушысы үшін электрондық оқулықтар сатып алынды.

ТҰРАҚТЫ ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты Ұлттық құрылтайының екінші отырысында өскелең ұрпақты тәрбиелеу маңызды міндет екенін айтты. Мектеп – білім мен ағарту ошағы ғана емес, сонымен қатар тәрбиелік міндеттерді орындауы қажет. Мұғалімнің мақсаты – біліммен қатар, оқушыға гуманистік тәрбие беріп, ізгі мұраттарды сіңіру екені түсінікті.

Елордада тәрбие жолында қойылған міндеттерді іске асыру арқылы тәрбиелік қызметті үйлестірудің бірыңғай жүйесі қалыптасты.

Тәрбие саласында ауқымды іс-шаралар мен инновациялық жобаларды өткізудің ерекше тәжірибесі байқалады. Оған айқын мысал ретінде балалар мен жасөспірімдер арасындағы «Шаттық» қалалық шығармашылық байқауы, мектеп және студенттік парламент өкілдерінің бастамасы бойынша бірыңғай жаппай іс-шаралар күндері, «ALTYN URPAQ» және «Академиялық ұтқырлық» жобаларын атауға болады.

Биыл қосымша білім берумен қамту 79,9% құрап, өткен жылмен салыстырғанда 7%-ға өсім байқалады (мектептерде 158 185 баланы қамтитын 2 188 үйірме мен секция жұмыс істейді).

Соңғы 3 жылда қалада 13 қосымша білім беру ұйымдарының филиалдары ашылды. Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатында елордада 2029 жылға дейін 15 заманауи қосымша білім беру нысандарын салу жоспарланған, оның 5-уі алдағы екі жылда салынады.

КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ ЖАЛҒАСАДЫ

Әлемде технологияның дамуына байланысты кардларды даярлауға қойылатын талаптар қарқынды түрде өзгеруде. Қаламыздың техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары бұл өзгеріске дайын болуы қажет.

Биыл Құрылыс-техникалық колледжінде «Жылжымайтын мүлікті басқару», Сервис және туризм колледжінде «Ландшафты дизайн» және «Флористика» бағыттары бойынша жаңа мамандықтар ашылды.

Сұранысқа ие кадрларды даярлау мақсатында мамандарға қажеттіліктің өңірлік картасы – қаланың жаңа кәсіптерінің атласы әзірленді.

Соған сәйкес қаланың еңбек нарығында алдағы 3-5 жылда сауда, құрылыс және білім беру саласындағы мамандықтар сұранысқа ие болып қала береді. Сонымен қоса туристік сәулетші, автомобиль дизайнері және жөндеуші, электр және гибриді автомобильдерге қызмет көрсету маманы, виртуальды мерчендайзер сияқты жаңа мамандықтар пайда болады деп болжануда.

Қанатқақты жоба аясында осы жылы елордалық үш колледжде алғаш рет 10-11 сынып оқушылары үшін жұмысшы мамандықтары бойынша эксперименттік білім беру бағдарламалары енгізілді. 1,5 жылдан кейін оқушылар орта білім туралы аттестатпен бірге, тігінші, аспаз, авто-газ дөнекерлеуші мамандығы бойынша диплом алып шығады.

НЕШЕ АПТА БОЛАДЫ?

Жаңа 2023-2024 оқу жылы 34 аптаға созылып, 25 мамырда аяқталатындығын Премьер-министрдің орынбасары Тамара Дүйсенова биылғы тамыз кеңесінде хабарлаған болатын. Сол күні Оқу-ағарту министрлігі жария талқылау үшін бұйрықтың тиісті жобасын ұсынды. Өткен оқу жылын 1 маусымға дейін ұзартудың бір дәлелі – оқушылардың күнделікті жүктемесін азайту және бес күндікке толық ауысу. Министрлік 34 апталық оқу жылына қарамастан алты күндік аптаға оралмайтынын түсіндірді.

«Оқу жылының 34 аптаға дейін қысқаруына байланысты қазақстандық мектептер алты күндік мерзімге орала ма?» деген педагогтардың, ата-аналардың сауалына Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев былай деп жауап берді.

– Сенбіде сабақтар тек үш ауысымды және басқа да орын тапшылығы бар мектептерде өткізілуі мүмкін. Жұмыс аптасының ұзақтығы бес күн болып қалады. Мектептер министрінің 2020 жылғы 21 сәуірдегі №153 бұйрығын басшылыққа алуы тиіс, – деп атап өтті ведомствода. Осы бұйрыққа сәйкес мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта білім беру ұйымдарында үш ауысымдық оқыту режимінде жұмыс істейтін және оқушы орындары тапшылығы бар, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарынан басқа білім ордалары үшін бес күндік жұмыс аптасы белгіленеді.

№102-103 (4536) 29/08/2023 Сейсенбі



Кез келген қаланың көшесіне сән беретін, көрген жанды таңдай қақтыратын кереметі болады. Солардың бірі – субұрқақ. Біздің елордада олардың түр-түрі бар: «ән салатын», «билейтін» және т. б. Астана көшелеріне сән беріп, қала тұрғындарына жайлылық сыйлайтын субұрқақтардың дені саябақтар мен көрнекі орындарда орналасқан. Жаздың жаймашуақ күндерінде елордалықтар мен қала қонақтары олардың маңайында демалуды әдетке айналдырған.



ЕСКІ АЛАҢ ЖАҢАРТЫЛДЫ

Биыл Байқоңыр ауданындағы бірқатар аула абаттандырылды. Жөндеу жұмыстары жүргізілген көшелердің бірі – Кенесары көшесіндегі №73 үйдің маңы.

Осы көшеің бойындағы ескі алаң да жаңартылуда. Аталған аумақта осыған дейін бос кеңістік болған. Бүгінгі таңда қайта абаттандыру жұмыстары жүргізілуде, нәтижесінде аумақта шағын сквер – демалатын қоғамдық кеңістік пайда болады.

Қазіргі таңда 700 шаршы метрден астам ескі асфальт-бетон төсемін, 400 шаршы метрге жуық ескі жол жиек-тежелерін бөлшектеу жұмыстары жүргізілуде.

Сондай-ақ, аудан аумағындағы Республика даңғылы, 6 және С.Сейфуллин көшесі, 65 мекенжайындағы жаттығуға арналған ойын жабдықтарын орнату жұмыстары аяқталды. Бұл аулаларда жасанды көгалдарды төсеу жұмыстары да жүргізілді.

Сонымен бірге С.Сейфуллин көшесі, 33, Кенесары көшесі, 42 мекенжайындағы спорт алаңдарын жөндеу және қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді. Бүгінде бұл алаңдар аула тұрғындарының сүйікті демалыс орнына айналған. Бұдан бөлек, жарықтандыру тіректері, жаңа төсеніш жабыны, асфальтбетон төсемі, тартан жабыны төселді.

ҚАЛА СӘНІ – СУБҰРҚАҚ

Гүлбаршын
ӨКЕШҚЫЗЫ

ге дейін елорда жұрты үшін қызмет етеді.

«ӨМІР АҒАШЫ» СУБҰРҚАҒЫ

Бас қаланың көркін ашып, әсем көрініс сыйлайтын субұрқақтар ауа райының аптап ыстығында көшедегі жүргіншілердің сергіп салқындауына сеп болады. Алматы ауданының балансында бүгінде 9 субұрқақ пен субұрқақ кешені бар. Президент саябағы, Қазақ елі алаңы, «Әзірет Сұлтан» мешіті, Тәуелсіздік сарайы, Бейбітшілік және келісім сарайы, Бауыржан Момышұлы атындағы саябақ, әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайы, Отан қорғаушылар алаңы, Студенттер саябағы, Абылай хан даңғылы бойындағы желкжол қасында орналасқан субұрқақтар аудан аумағына ерекше көрік беріп тұр.

Байқоңыр ауданы әкімі аппаратының балансында екі субұрқақ нысаны бар. Олар: Республика даңғылы бойындағы Жастар сарайында және «Есіл» сауда үйі аумағында орналасқан.

Елордадағы субұрқағы ең көп аудан – Есіл ауданы. Қазіргі таңда онда барлығы 21 субұрқақ кешені бар, ал Нұра ауданының аумағында 6 субұрқақ кешені жұмыс істейді.

Сарыарқа ауданындағы субұрқақтар саны – 13. Қазіргі таңда аудан әкімдігінің балансындағы барлық субұрқақ жұмыс істеп тұр. Олар таңертеңгі сағат 10:00-ден түнгі 00:00-

Сарыарқа ауданындағы Абай және Жеңіс даңғылдарының қиылысына орналасқан субұрқақ 2000 жылғы 6 шілдеде Қаржы министрлігіне қарама-қарсы алаңда орнатылды және Азат Баярлиннің жобасы бойынша қола мен тастан жасалды. Міне, содан бері арада 20 жылдан астам уақыт өтсе де, субұрқақ әлі астаналықтардың көзқуанышына айналып келеді.

АЛТЫН БАЛА КӨЗ ТАРТАДЫ

Ол астаналық цирк ғимаратының алдындағы алаңда 2005 жылдың желтоқсан айында орнатылды. Бұл – Қарағанды облысының елорда үшін сыйы.

Шағын сәулет нысандарының кешеніне алтын түстес, ұзындығы 7 метр болатын субұрқақ та кіреді. Доптың үстінде қолына қолшатыр ұстап, бір доңғалақтың үстінде сайқымазақ отыр. Оның айналасында ертегі мен цирк кейіпкерлері және түрлі жануар орнатылған.

Композицияның басты бейнесі – алтын түстес, ұзындығы 6 метр болатын эквилибрист-циркші. Бұл жер әсіресе кішкентай көрерменнің жүрегінен ерекше орын алады.



«БӘЙТЕРЕК» МОНУМЕНТІ МАҢЫНДА

«Нұржол» бульварындағы субұрқақтар «Бәйтерек» монументінің жанында орналасқан және қала тұрғындары арасында «ән салушы» субұрқақ аталып кеткен. Әсіресе елорда тұрғындары мен қонақтары бұл субұрқаққа кешкі уақытта барғанды ұнатады. Себебі түрлі түсті болып жанған

жарық және музыка сүйемелдеуімен су ағындарының биі өте әсерлі.

СӘНІ БӨЛЕК «САҚ ЖАУЫНГЕРЛЕРІ»

Ұлттық музей ғимаратының алдында орналасқан «Сақ жауынгерлері» композициясы – ең қызықты және ерекше фонтан. Ол біздің заманымызға дейінгі бір мыңыншы жылдары

Қазақстанды мекендеген сақ тайпаларына арналған.

«ЖЕТІСУ» САЯБАҒЫНДА

Ең үлкен жарық-дыбысы бар субұрқақтың бірі «Жетісу» саябағында орналасқан. Саябақтың бойымен алға қарай жүре берген жан субұрқақтың көптігінен жағымды салқындықты сезінеді. Әсіресе бұл маңдағы түрлі субұрқақты балалар ерекше ұнатады.



КӨШЕГЕ КӨРІК БЕРГЕН

Қалада жарықтандырылған көшелердің қатары жылдан-жылға көбейіп келеді. Есіл ауданының коммуналдық қызметтері тұрақты негізде қысқа тұйықталуларды жою, істен шыққан шамдарды, кабельдерді ауыстыру, жаңа бағандарды орнату жұмыстарын жүргізуде.

Жарықтандыру аумақты абаттандырудың ажырамас бөлігі болып табылатыны белгілі. Бұл ретте аудан аумағындағы «Линейный» саябағында 35 жарықтандыру бағанасында жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары жүргізіліп, 4 метрлік 17 бағананың шамдары ауыстырылады.

Сонымен қатар, бұл саябақта субұрқақтың жұмысында істемей қалатын үзілістер байқалып, істен шыққан бөлшектері ауыстырылды, жұмыс жалғасуда. Жасыл алқаптарды күндіз және түнде суаруды қамтамасыз ететін жергілікті суару жүйелері ретке келтірілді, шашыратқыштары ауыстырылды.

Көшелерді жарықтандыру сапасы тұрғындардың көшелер мен жолдардағы қауіпсіздік пен жайлылыққа әсер етеді. Есіл ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі хабарлағанындай, аудан көлемінде жарықтандыру бағаналарын жөндеу жұмыстары жүргізілуде. «Астана қалалық жарық» мекемесінің қызметкерлерімен бағаналарды, көше жарығын басқару шкафтарын тексеру жұмыстары жалғасуда.

ЖАС ОТБАСЫЛАР ЖАРЫСЫ

Астана қаласының Жастар саясаты мәселелері басқармасының «Астана жастары» жастар ресурстық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ұйымдастыруымен Конституция күніне орай жас отбасылар арасында «Көңілді старт» отбасылық эстафетасы өтті. Мерекелік сайысқа 37 жас отбасы қатысты.



«Бүгінгі таңда, өкінішке қарай, жастардың арасында ажырасу көрсеткіші жыл сайын артып отыр. Дәл осындай турнирлер арқылы жас отбасылар эмоциясын шығарып, бір-бірімен жақындай түседі деп ойлаймыз. Сондай-ақ, салауатты өмір салтын ұстанып, спортты жанына серік еткен өзге жанұялармен жақын танысуға мүмкіндік алады. 2022 жылы «Денсаулық – зор байлық» атты 21 күн бойы кемі 1 шақырым жүгіретін сайыс өткен болатын. Біз бұл шарамен шектеліп қалмаймыз. Алдағы уақытта зияткерлік,

фото-видео, ұлттық дәстүрді қамтитын өзге де жарыстарды өткізуді жоспарлап отырмыз» деді сайысты ұйымдастырушы әрі «Қазақстан жастарының конвені» жеке қоры директорының орынбасары Марат Мұхамеджанұлы.

Сайыстың бірінші кезеңінде күйеуі турникке тартылса, әйелі баскетбол добын 5 мәрте сақинаға лақтырды. Нәтижесінде ең үздік деп танылған 15 отбасы екінші кезеңге жолдама алды. Айта кетейік, бәсекеңіз тартысты болғаны соншалық, 2 жанұяның көрсеткіші тең болып, қосымша жаттығулар

арқылы мықтыны анықтауға тура келді. Екінші кезеңде қатысушылар 10 бөлімнен тұратын жаттығуда жарысты. Жарыс нәтижесінде жеңімпаздар ретінде мына отбасылар танылды:

1-орын – Тілеуовтер жанұясы (200 000 теңге);
2-орын – Хурметбековтар жанұясы (150 000 теңге);
3-орын – Романовтар жанұясы (100 000 теңге).

Қалған 12 қатысушы отбасыға 20 000 теңгелік сертификат табысталды.

Қанат БАЙҰЗАҚОВ

КАРАНТИНДІК НЫСАНДАР

Ауыл шаруашылығы өндірісінің тұрақты дамуы, ол – еліміздің азық-түлік қауіпсіздігінің тұрақтылығын қамтамасыз ететін негізгі элементі. Бұл ретте ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру, сақтау, тасымалдау кезінде оларды қауіпті, аса қауіпті және карантиндік организмдермен зақымдануы мен жойылуынан сақтауды қажет етеді. Ал, бұл функцияларды фитосанитарлық қызметі, яғни Астана қаласы бойынша аумақтық инспекциясы жүзеге асырады.

ҚР АШМ Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті Астана қаласы бойынша аумақтық инспекциясының негізгі міндеттерінің бірі, ол елордамыздың аумағын карантиндік нысандардан және бөтен текті түрлерден қорғау, қала аумағында қолайлы фитосанитариялық ахуалды қамтамасыз ету, карантинге жақсылық өнімді импорттау және облысаралық тасымалдау кезінде карантинге жатқызылған өнімдердің фитосанитариялық талаптарға сәйкестігіне тұрақты бақылау жүргізіп, аса қауіпті және карантиндік нысандардың таралу ошақтарын анықтап, оларға қарсы оқшаулау және жою шараларын тұрақты түрде жүзеге асыру болып табылады.

Астана қаласы аумағында шектеулі таралған карантиндік нысандардың уекіре және арамсою сияқты 2 түрі тіркелген. Аталған арамшөптер жаппай таралған жағдайда ауыл шаруашылығы саласына елеулі зиян келтіретін

карантиндік нысандар екенін ескерген жөн. Сонымен қатар, отандық өнімдерді экспорттау кезінде өнімдерден олардың тұқымдары жиі анықталатын болса, импорттаушы елдің өсімдіктер карантині және оларды қорғау жөніндегі ұйымдарымен біздің өнімдердің олардың нарығына шығуына тыйым салуына әкеліп соқтырады. Ал осындай жағдайларға жол бермеу үшін фитосанитарлық қызметімен экспортталатын өнімдерге тұрақты бақылау жасалып, елорда аумағында карантиндік нысандардың ошақтарын анықтау мақсатында, оларға қарсы зерттеу, оқшаулау және жою жұмыстарын уақытылы әрі сапалы жүргізуде жоғары талаптар қойылады.

Осы жылғы қала аумағында карантиндік арамшөптерге қарсы 4510 га аумақта зерттеу жұмыстары жоспарланған, оның ішінде: 3510 га жатаған уекіре және 1 000 га арамсою. Қазіргі таңда жатаған уекіреге қарсы 3080 га ау-

мақта зерттеу жұмыстары жүргізілсе, арамсоюға қарсы зерттеулер 851,5 га аумақта жүргізілген. Зерттеу жұмыстары әлі де жалғасуда. Теміржол бойында анықталған 0,005 га аумақтағы жатаған уекіренің және 0,007 га аумақтағы арамсою арамшөптерінің ошақтары мемлекеттік инспектордың нұсқамасына сәйкес оқшауланып жойылды.

Қазіргі таңда, өсімдіктер карантині және оларды қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлармен елорда аумағында қолайлы фитосанитариялық ахуал қамтамасыз етілуде.

Карантиндік нысандар немесе фитосанитарлық қызмет туралы қандай да бір ақпарат қажет болған жағдайда, Астана қ., Бөгенбай батыр даңғылы, ба, мекенжайына немесе 238-354 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Аякөз ШЫНДАЛЫ,
өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспектор

ҚҰРМЕТТІ АТА-АНАЛАР!

«Intellectual generation» ЖШС жекеменшік мектеп жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру шеңберінде мемлекеттік білім беру тапсырысын алушы болып табылады. Ата-ананың төлемі жылына 1200 АЕК-тен

аспауы керек. (2023 жылы – 4 140 000 теңге) Ата-ана төлемі асып кеткен жағдайда «Қаржы орталығы» АҚ-на хабарласуыңызды сұраймыз. Сенім телефондары: 8 7172-695-037, 87172-695-058.

#КЕРЕККЕҢЕС



ТЕГІН ДЕМАЛЫСТЫ КІМДЕР ТАЛАП ЕТЕ АЛАДЫ?

Еліміздегі мемлекеттік әлеуметтік көмек жекелеген азаматтардың демалысын қамтитын әртүрлі аспектілерді қарастырады. Астана қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы басшысының орынбасарының міндетін атқарушы Еркебулан МӘЛІК азаматтардың қай санаты тегін демала алатыны туралы айтып берді.

Бүгінгі күні дәрігерлік-консультациялық комиссияның (бұдан әрі – ДКК) немесе психикалық денсаулық саласындағы медициналық көмек көрсететін ұйымның психиатр дәрігерінің қорытындысы болған кезде ілеспелі аурулар бойынша әлеуметтік қауіпті іс-әрекеттерге бейім емес, психикалық симптоматикасы шиеленіспей, ұзақ мерзімді дәрілік емес ремиссияда тұрақтандырылған жайкүйі бар 25 динамикалық психиатриялық бақылау тобы бар балалардағы психикалық, мінез-құлық бұзылыстары медициналық қарсы көрсетілімдер тізбесінен алынып тасталды.

Заңды өкілдерге немесе мүгедектігі бар адамның атынан әрекет ететін адамдарға санаторий-курорттық емдеу ұсыну үшін құжаттарды ресімдеу құқығына сенімхат негізінде (бұдан әрі-өтініш беруші) ақыл-ой кемістігі бар балалар (жоғарыда аталған талаптар болған жағдайда) санаторлық-курорттық емдеуге ИПАР әзірлеу мақсатында ОЗ1/е нысанын толтыру үшін психикалық денсаулық саласындағы медициналық ұйымға жүгінуі қажет.

Өтініш беруші тұрғылықты жері бойынша құжаттардың толық тізбесін бере отырып, өтінішті мыналар арқылы ұсынады:

– «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ;

– «Электрондық үкіметтің» веб-порталы.

Мүгедектігі бар баланы санаторлық-курорттық емдеуге алып жүретін заңды өкілдердің бірі жергілікті атқарушы органдардың санаторлық-курорттық емдеу ұйымда болу құнын сана-торлық-курорттық емдеу құнын өтеу ретінде ұсынылатын кепілдендірілген

соманың 70 пайызы мөлшерінде өтеуге құқылы.

Санаторлық-курорттық емдеу құнын өтеу үшін кепілдендірілген соманың мөлшерін Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі бекітеді. 2023 жылға санаторлық-курорттық емдеуге кепілдендірілген соманың мөлшері тәулігіне 16225 теңгені (14 тәулікке 227150 теңге) құрайды.

Өтініш беруші aleumet.gov.kz порталында жеткізушіге кепілдік берілген соманы өтеуге арналған өтінішке бір мезгілде қол қоя отырып, санаторлық-курорттық емдеуді ұсынуға тапсырысты ресімдейді және жеткізушіге жібереді.

Бір мезгілде санаторлық-курорттық емделуге мүгедектігі бар бір және одан да көп баланы алып жүрушіге жергілікті атқарушы органдардың санаторлық-курорттық ұйымда болу құнын өтеуі санаторлық-курорттық емдеу құнын өтеу ретінде берілетін кепілдік берілген соманың 70 пайызы мөлшерінде бір рет жүзеге асырылады.

Ілесіп жүретін адам мүгедектігі бар баланың санаторлық-курорттық ұйымға кіруі және шығын сүйемелдейді. Жеткізуші мүгедек баланың жынысын және еріп жүрушіні ескере отырып, екі орындық бөлмеде немесе бір бөлмеде болуды қамтамасыз етеді.

Астана қаласы бойынша Еңбек және әлеуметтік қорғау комитеті департаментінің медициналық-әлеуметтік сараптама бөлімі (мекенжайы: Кравцов көшесі, 18, тел.: 8 [7172] 24-83-19, 24-83-17) ОЗ1/е қоса алғанда, ұсынылған құжаттарға талдау жүргізеді және медициналық қарсы көрсетілімдер болмаған жағдайда санаторий-курорттық емдеуді

қамтамасыз етуге арналған ИПАР-ның Әлеуметтік бөлігін әзірлейді.

Санаторлық-курорттық ұйымға келген кезде қызмет көрсетушіге мына құжаттар ұсынылады:

– мүгедектігі бар баланың құжаттары;
– жеке басын күланыдыратын құжат;
– ОБ9/у нысаны бойынша санаторий-курорттық карта.

Портал арқылы санаторлық-курорттық емдеуді ұсынған кезде төсек-орынның бар-жоғын растау туралы хабарлама қажет.

Қызметші келесі құжаттарды ұсынады:

– жеке басын күланыдыратын құжат;
– заңды өкілдің мәртебесін растайтын құжат;

– егер санаторлық-курорттық емдеуден өту жоспарланбаған жағдайда тұрғылықты жері бойынша инфекциялық пациенттермен байланыстың жоқтығы туралы эпидемиологтың анықтамасы;

– санаторлық-курорттық емдеуден өтуді жоспарлау жағдайында санаторлық-курорттық карта.

Санаторлық-курорттық емделуге жол жүру шығыстарын төлеу мүгедектігі бар адамның қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Ілесіп жүрушінің жол жүру шығындарын төлеу ілестіріп жүрушінің қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Санаторлық-курорттық емдеу қызметтерін көрсететін жеткізушілерді таңдау үшін Астана қаласы әкімдігінің «Жанұя» отбасы институтын қолдау орталығына мына мекенжай бойынша: Бейбітшілік көшесі, 14 (ЗЦҚ болуы міндетті), Call-орталық: 8 [7172] 72-51-51 хабарласуды ұсынамыз.

Айгүл АЛЬЖАКСИНА





ТАМЫЗДАҒЫ ТИМБИЛДИНГ

«Elorda Aqparat» медиа-холдингінің ұжымы екі күн бойы сулу Көкшенің төрінде тимбилдинг өткіздік. «Greenwood» демалыс аймағындағы командалық сайыстар әріптестеріміздің көңіл-күйін көтерді.

Төлен
ТІЛЕУБАЙ

Вoleyбол мен футболдан өткен спорттық жарыстарда ептіліктен, шеберліктен, серектіктен күш сынастық. Ауа-райының күндіз бұлтты әрі жып-жылы болғаны

спортпен көбірек шұғылдануымызға мүмкіндік берді. Әсіресе, волейболдан өткен өте қызықты, тартысты ойындар әріптестеріміздің көңілін серпілтіп қана қоймай, ұжымдағы өзара сыйластықты, жанашырлықты көрсетті. Спорттық сайыстарға әріптесіміз Ғалым Қожабеков қара қылды қақ жарып, әділ төрелік етті. Күші көп, бірлігі мықты командалар жеңіске жетті.

Тимбилдингте тек спортпен, ойын-сауықпен шектелген жоқпыз. Қылқан жапырақты орманды аралап, мүлгіген тыныштықта миымызды тынықтырдық. Бурабай сілеміндегі Қатаркөлдің сұлулығына тамсандық. Көлдің жағасында сейіл-серуен құрып, қызықты әңгімелерге құлақ түрдік. Құрдастардың қалжыңы, табиғаттың тылсымы, әріптестердің өзіндік жанымызды жадыратты. Тамылжыған тамыздың кешінде демалысымыз әсем әнмен, күмбірлеген күймен, көрген жанды еліктіріп әкететін бимен жалғасты. Жеңіске жеткен командалардың марапаттау рәсімі, қонақтар мен әріптестердің

құттықтаулары, далада жеген дәмді ас, түнгі оттың айналасында отырып ұжым болып шырқаған хит әндер дүйім жұрттың көңілін көкке көтерді. Демалыс аймағынан әуеленген әндер Қатаркөлдің аспанында қалықтап, төңірекке түгел тарап жатты.

Бұл күндер біздің ұжым болып жақсы жұмыс істеумен қатар, жақсы демала алатынымызды көрсетті. Ғажайып демалыстан күш-қуат, жағымды энергия жинап қайттық. Ұжымның ауызбірлігі мен қарым-қатынасы (коммуникациясы) нығайып, ынтымағы мен берекесі артып, корпоративтік рухымыз биіктей түсті!

2022 жылы пара-хоккейден Таиланд астанасы Бангкокте өткен әлем чемпионатына Қазақстан командасы қатысқан-ды. Осы хоккей ұжымы туралы қысқаметражды фильм «Qazaqstan» жеңілатлетикалық спорт кешенінде таныстырылды.

ПАРА-ХОККЕЙШІЛЕР ЕРЛІГІ

Әлем чемпионатындағы алғашқы шайбаны Таиланд қақпасына капитан Қуат Кәріпбаев соқты.

– Әлем чемпионатында Таиланд қақпасына соққан алғашқы шайбаман алған әсерім керемет. Байрақты бәсекеге қатысу үшін шананы өз қолымызбен жасап апардық. Тәжірибеміз аз болса да азулы қарсыластармен деңгейлес ойнадық. Демеушілердің қолдауымен Канаданың зауытынан шыққан шана алдық. Күзде өтетін чемпионатта табысты өнер көрсету үшін тер төгудеміз, – деді пара-хоккейден Қазақстан құрамасының капитаны Қ.Кәріпбаев.

Мүгедектігі бар адамдарға арналған спорттық даярлау орталығының директоры Мейрамбек Махамбетов, ауыр атлетикадан төрт дүркін әлем чемпионы Илья Ильин, «Бейбарыс» хоккей клубының президенті Болат Бушанов арнайы қатысты.

Қазан айында Қазақстан құрамасы В дивизионының ойындарын Астана

қаласында қабылдайды. Қарсыласы – Швеция, Словакия, Жапония және Ұлыбританияның құрама командасы.

– Бүгінгі қысқаметражды фильмді Қазақстан ұлттық құрамасына кіретін пара-хоккейшілердің өздері түсірді. Алматыдан қалай кеткені, Таиландтағы әсері, әр ойынды қалай өткізгені, лицензия алған сәттегі көңіл-күйі және тағы басқасы көрініс тапты.

Бұл – пара-хоккейдегі тарихи жетістік. Неге? Себебі, 2021 жылы ғана құрылған пара-хоккей құрамасы әлем чемпионатының С дивизионында ойнап қана қоймай, В лигасына көтеріледі деп кім ойлады?! Оның үстіне Қазақстан командасының мүшелері Астана қаласын құралды, – деді Қайрат Сабиоров.

Жалпы, құрамада 17 пара-хоккейші бар. Ең жасы – 18-де, ең егдесі – 53 жаста. Көрсетілімнен кейін пара-хоккейшілер әлем чемпионатына дайындық ретінде Ресейдің Тула облысынан келген «Михайлов академиясы» клубымен шеберлік алмасты.



САХНАДА – «КҮЛБИКЕ»

Күлбике туралы ертегіні білмейтін жан кемде-кем. Бала қиялын ұшырып, биік адамгершілік пен еңбекқорлыққа үндейтін ертегіні бүкіл әлемнің театрлары сахналағаны секілді елордалық мәдениет ошақтары да жарыса қойғанын білеміз. Әрқайсысы ертегіні өзіндік бояуымен, ерекшеліктерімен көрсетті. Соның бірі – 15 қыркүйекте «Астана Операда» Раймондо Ребектің хореографиясындағы «Күлбике» таңғажайып балеті ұсынылмақ.

Гүлшат
САПАРҚЫЗЫ

Бұл балет труппасының жазғы үзілістен кейінгі XI театр маусымындағы алғашқы өнер көрсетуі. Сахнада балет әртістерімен қатар Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, қоюшы дирижер Абзал Мұхитдиннің жетекшілігінде театрдың симфониялық оркестрі өнер көрсетеді.

30 қыркүйекте Г.Левенхольдтің «Сильфида» романтикалық балетінің премьерасын ұсынамыз. Бұл барлық қазақстандық өнерсүйер қауым үшін үлкен жаңалық болмақ. Сондай-ақ осы күзде көрермен көптен күткен Л.Бетховеннің «Бетховен – Мәңгілік – Махаббат» балетін біздің театр сахнасында жаңартылған хореографияда тамашалай алады және жұртшылықты осы маусымда репертуарлық қойылымдар, дәстүрге айналған гала-кештер күтеді, – деп атап өтті «Астана Опера» балет труппасының көркемдік жетекшісі, әлемдік балет жұлдызы Алтынай Асылмұратова.

Спектакльде С.Прокофьевтің кеңгер музыкасы Джимми Дюрант, Билли Рэй Сайрус, Луи Армстронгтың әуендерімен үйлесімді үндеседі. Айта кетейік, «Күлбике» балеті аттас көне ертегі желісі бойынша құрылғанымен, ол заманауи көрерменнің талғамына сай келеді. Өйткені, қоюшы хореограф Р.Ребек өз командасымен



бірге қазіргі заманға лайықталған мүлде жаңа туынды жасап шығарды. Жалпы, бұл қойылымда балет хореографиясы поп-би және брейк-данс элементтері бар неоклассика стилінде болмақ.

Маусымашардағы Күлбике партиясын балеттің жетекші солисі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Әйгерім Бекетаева ұсынса, ханзаданың рөлін Ғалымжан Нұрмұхамбет сомдайды. Мейірімді періштенің рөлінде Сұлтанбек Ғұмар, өгей шеше кейпінде Әсел Шайкенова көрінсе, түшкіргіш – Мөлдір Шәкімова, өгей әпкесі, тәтті құмар жанды Әнел Есқалиева көрсетеді.


НЕ? ҚАЙДА? ҚАШАН?



Конституция күніне арналған мерекелік концерт

29/08

Әзербайжан Мәмбетов атындағы мемлекеттік драма және комедия театры алдындағы ашық алаң



Конституция күніне арналған аламан бәйге

30/08

11:00

«Қазанат» ипподромы



Конституция күніне арналған цирк бағдарламасы

02/09

Астаналық цирк



«The Spirit of Astana» халықаралық заманауи этникалық музыка фестивалі

30/08

15:00

21:00

EXPO алаңы



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор – Еркін ҚЫДЫР

Бас редактордың орынбасары – Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Тираж – 10200. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №102-103

Баспахана: Астана қаласы,

Сілеті көшесі, 30-үй

«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нурсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 42-43-81 Тілшілер бөлімі: 42-41-03 Жарнама: 42-43-52 Va-reklama@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – ҚалиакбарҮСЕМХАНҰЛЫ